

ЕСЕП

«Аккредиттеу және
рейтингтің тәуелсіз
агенттігі» КЕМ 2023 ж.
қызметі туралы



Астана қ., 2023 ж.



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

БАҚЫЛАУ КЕҢЕСІНЕ

ЕСЕП

«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КЕМ

қызметі туралы

2023 жыл

Астана қ., 2023 ж.

МАЗМҰНЫ

МАЗМҰНЫ.....	2
Белгілеулер мен қысқартулардың тізімі	3
КІРІСПЕ	5
Білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесін ұлттық және халықаралық білім беру кеңістігінде дамыту жөніндегі тұрақты қызмет	7
Сапаны арттыру, географияны кеңейту және аккредиттеу рәсімдерін жетілдіру арқылы аккредиттеу қызметтерінің ұлттық және халықаралық нарығында IAAR ұстанымдарын күшейту	7
Ұлттық және шетелдік сарапшылардың сапалық әлеуетін арттыру.....	15
Адами ресурстарды, олардың кәсіби құзыреттерін дамыту, Агенттіктің қаржылық тұрақтылығына қол жеткізу арқылы IAAR қызметін тиімді басқару.....	19
Кері байланысты дамыту және сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жетілдіру негізінде IAAR қызметінің тиімділігін арттыру	21
Білім беру сапасын қамтамасыз етуге мониторинг жүргізу және үздік әлемдік тәжірибені ұлттық жүйелер мен білім беру ұйымдарын дамытуға енгізу.....	28
Аккредиттеуден кейінгі мониторинг рәсімі мен қағидаларының сапасын арттыру	28
Білім беру сапасын қамтамасыз етудің ұлттық жүйелерін жетілдіруде IAAR-дың аналитикалық әлеуетін арттыру.....	30
Білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін және олардың халықаралық білім беру кеңістігінде танылуын арттыру мақсатында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында рейтингтік зерттеулер жүргізу.....	33
Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы рейтингтік зерттеулердің сапасын арттыру мен шеңберін кеңейтуді қамтамасыз ету	33
Ашықтық пен дәйектілік қағидаттарын іске асыру негізінде білім беру ұйымдары қызметінің сапасын бағалау нәтижелері туралы қоғамды уақытылы хабардар ету және кері байланысты дамыту	40
Білім беру бағдарламалары мен білім беру және ғылым ұйымдары қызметінің сапасын бағалау нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар ету деңгейін арттыру	40
IAAR — танылған халықаралық аккредиттеу агенттігі	43
IAAR-дың халықаралық танылуы мен беделін нығайту және кеңейту	43
Халықаралық қызметтің сапасын арттыру және IAAR жетістіктерін мазмұнды бекіту ..	46
Қызметтің SWOT-талдауы	50
Қорытынды	52

Белгілеулер мен қысқартулардың тізімі

ABET — Инженерия және технологиялар жөніндегі аккредиттеу кеңесі

ACQUIN — Аккредиттеу, сертификаттау және сапаны қамтамасыз ету институты

APQN — Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Азия-Тынық мұхиты желісі

ASIIN — Инженерия, информатика, жаратылыстану ғылымдары және математика саласындағы білім беру бағдарламаларын аккредиттеу агенттігі

CEENQA — Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету агенттіктерінің желісі

CIQG — АҚШ-тың Жоғары білімді аккредиттеу кеңесінің Халықаралық сапа тобы

ENQA — Жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық қауымдастық

EQAR — Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық тіркелім

ESG — Еуропалық жоғары білім кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі стандарттар мен ұсынымдар

ISQua — Денсаулық сақтау саласындағы сапа жөніндегі халықаралық қоғам

IAAR — Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі

INQAANE — Жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету агенттіктерінің халықаралық желісі

IREG — Академиялық ранжирлеу және үздіктік жөніндегі халықаралық обсерватория

PhD — философия докторы бағдарламасы

MA — магистратура бағдарламасы

MQA — Малайзия біліктілік агенттігі

QA — сапаны қамтамасыз ету

AK — Аккредиттеу кеңесі

BA — бакалавриат бағдарламасы

СКІЖ — сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі

ЖОО — жоғары оқу орны

WFME — Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясы

СЭК — Сыртқы сараптама комиссиясы

ЕЖБК — Еуропалық жоғары білім кеңістігі

ИА — институционалдық аккредиттеу

ИА (Ex-Ante) — бастапқы институционалдық аккредиттеу

ҚР (Қырғызстан) — Қырғыз Республикасы
ҒЖБМ ҚР — Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
ҚР БҒМ — Қырғыз Республикасының Білім және ғылым министрлігі
ҒЗИ — Ғылыми-зерттеу институты
ҰКП — ҚР «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
БСБҰЖ — білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі
БҰ — білім беру ұйымы
ББ — білім беру бағдарламасы
НББ — негізгі білім беру бағдарламасы
ЖББ — жоғары білім беру бағдарламалары
ПОҚ — профессор-оқытушылар құрамы
БМА — бастапқы мамандандырылған аккредиттеу
ҚР — Қазақстан Республикасы
МА (мамандандырылған) — мамандандырылған аккредиттеу
МА (Ex-Ante) — білім беру бағдарламаларын бастапқы мамандандырылған аккредиттеу
БАҚ — бұқаралық ақпарат құралдары
ТЖКБ — техникалық және кәсіптік білім
ФМБМ — Федералдық мемлекеттік бюджеттік мекеме
СК — Сараптама кеңесі

КІРІСПЕ

«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес мекемесі (бұдан әрі — **IAAR**) — білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі жетекші халықаралық аккредиттеу агенттігі. **IAAR** — білім беру сапасы жөніндегі еуропалық, азиялық және америкалық желілер мен агенттіктердің толық мүшесі; **INQAANE** — Жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету агенттіктерінің халықаралық желісі; **CHEA/CIQG** — АҚШ-тың Жоғары білімді аккредиттеу кеңесінің Халықаралық сапа тобы; **IREG** — Академиялық ранжирлеу және үздіктік жөніндегі халықаралық обсерватория; **CEENQA** — Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету агенттіктерінің желісі; **APQN** — Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Азия-Тынық мұхиты желісі, **APQR** — Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Азия-Тынық мұхиты тіркелімі, **IQA** — ислам әлемі елдерінің білім беру сапасына кепілдік беру агенттіктерінің қауымдастығы.

IAAR — Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясының (**WFME**) жоғары танылу мәртебесін алған ТМД елдерінен шыққан алғашқы аккредиттеу агенттігі. **IAAR** қызметі Еуропалық жоғары білім кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету стандарттарына **ESG** және Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясының **WFME** стандарттарына сәйкес келеді. **IAAR** — Жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық қауымдастықтың (**ENQA**) толық мүшесі мәртебесін алған Қазақстандағы алғашқы аккредиттеу органы. Тіркеу жөніндегі комитеттің 2022 жылғы 27/28 маусымдағы шешімімен **IAAR** Жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық тіркелімге (**EQAR**) 5 жылға қайта енгізілді. Танылған агенттік мәртебесін алу **IAAR** қызметінің жоғары халықаралық стандарттарға сәйкестігінің растамасы болып табылады.

Халықаралық және еуропалық желілердегі толыққанды мүшелік арқасында **IAAR** аккредиттеген білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламалары **халықаралық аккредиттеу мәртебесін** алады.

IAAR-дың даму стратегиялық мақсаттары білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі ұлттық және халықаралық деңгейде танылған, бәсекеге қабілетті Агенттіктің мәртебесін нығайтуға бағытталған. **IAAR**-дың 2023 жылғы қызметі Орталық Азия елдерінің және еуропалық жоғары білім кеңістігінің білім беру саласындағы бағдарламалық құжаттары мен заңнамасында, сапаны қамтамасыз ету саласындағы халықаралық құжаттарда, сондай-ақ әзірленген **IAAR**-дың 2022–2026 жылдарға арналған даму стратегиясында айқындалған мақсаттар мен міндеттер негізінде құрылды.

IAAR жоғары бәсекеге қабілеттілікті көрсете отырып, Шығыс Еуропа және Орталық Азия өңірінде білім беру қызметіне (Қазақстан Республикасында және 14 шетел мемлекетінде, оның ішінде Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Ресей, Молдова, Румыния, Беларусь, Украина, Әзербайжан, Армения, Барбадос, Доминика және т.б.) жасалған Келісімдер мен осы мемлекеттердің тиісті органдары тарапынан IAAR-дың танылуы негізінде тәуелсіз, объективті, кәсіби бағалау жүргізеді. IAAR сапаны қамтамасыз етудің үздік әлемдік тәжірибесін қолдана отырып, Шығыс Еуропа және Орталық Азия мемлекеттерінің білім беру ұйымдарының білім беру және ғылыми қызметінің тиімділігі мен сапасын білім беру жүйелерін дамытудың маңызды ұлттық және халықаралық трендтеріне сәйкес арттыруға жәрдемдеседі.

2011–2023 жылдар ішінде IAAR-да Орталық Азия мен Шығыс Еуропаның 15 мемлекетінің 261 білім беру ұйымы және 4900-ден астам білім беру бағдарламасы халықаралық аккредиттеуден өтті.

IAAR сапа мәдениетін ілгерілетте отырып және стратегиялық басымдықтарды қалыптастыра отырып, әрқашан негізгі серіктестер мен сапаны қамтамасыз ету жөніндегі түрлі желілердің даму және қызмет ету тенденцияларын ескереді. IAAR-дың жетекші серіктестерінің — Жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық қауымдастықтың (ENQA), Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясының (WFME), Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Азия-Тынық мұхиты желісінің (APQN), Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету агенттіктерінің желісінің (CEENQA) 2021–2023 жылдары олардың даму негізгі бағыттарын көрсететін және аккредиттеу қызметінің мүмкіндіктерін кеңейтетін маңызды бағдарламалық құжаттарды қабылдауы осы ұйымдардың толық мүшесі ретінде IAAR қызметіне әсер етпей қоймайды.

«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КЕМ-нің 2022–2026 жылдарға арналған даму стратегиясы» 2021 жылдың желтоқсанында әзірленіп, бекітілді. 2023 жылдың қарашасында жоғары білім саласындағы халықаралық және ұлттық заңнамадағы өзгерістерді ескере отырып, Даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. 2023 жылдың наурызында Үкімет қаулысымен «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бекітілді, ол «заңнамалық негізді, ЖББ-ның автономиясын қамтамасыз етуге, университеттер мен ғылыми ұйымдарға дарындыларды тартуға, жоғары білім жүйесіндегі заманауи (сын-қатерлерді ескере отырып, дамушы технологиялар мен болашақ экономикасына негізделген заманауи білім беру бағдарламалары

арқылы білім мен құзыреттер деңгейін арттыруға бағытталған». Жаңартылған «IAAR-дың 2022–2026 жылдарға арналған даму стратегиясы» ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді кезеңдегі миссияны, пайымды, стратегиялық мақсаттарды, міндеттерді, қызмет мазмұнын, негізгі индикаторлар мен күтілетін нәтижелерді айқындайды.

IAAR аккредиттеу қызметі, стандарттар мен рәсімдер арқылы білім беру ұйымдарын білім алушылардың жан-жақты мүдделері мен қабілеттерін қанағаттандыруға, заманауи білім беру және цифрлық технологияларды кеңінен дамытуға, шетелдік серіктестермен академиялық алмасуларға; тартылған шетелдік сарапшыларды оқытушылық қызметке тартуға, көрсетілетін қызметтердің сапасы үшін жауапкершілікті арттыруға бағдарлайды.

IAAR сапаны қамтамасыз етудің үздік әлемдік тәжірибесін қолдана отырып, Шығыс Еуропа және Азия мемлекеттерінің білім беру ұйымдарының білім беру және ғылыми қызметінің тиімділігі мен сапасын жоғары білім жүйелерін дамытудың маңызды ұлттық және халықаралық трендтеріне сәйкес арттыруға жәрдемдеседі. Жоғары білімнің негізгі трендтері: университеттер мен бизнестің мемлекетпен өзара әрекеттестігі (үштік спираль), цифрландыру, интернационалдандыру, академиялық үздіктік бастамалары, білім беру өнімдерін тұтынушылардың рөлін арттыру, цифрлық форматтар мен жасанды интеллектіні кеңінен пайдалану, автономды оқыту, микробіліктілік бағдарламалары, формалды және формалды емес білімнің интеграциясы, өмір бойы оқыту, университеттердің білім беру қызметтері мен ғылыми зерттеулерінің сапасына қойылатын талаптарды арттыру, корпоративтік басқару мен университеттердің академиялық еркіндігін дамыту болып отыр.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесін ұлттық және халықаралық білім беру кеңістігінде дамыту жөніндегі тұрақты қызмет

IAAR-дың негізгі қызметі тәуелсіз аккредиттеу жүргізу, сапа мәдениетін ұлттық және халықаралық деңгейде ілгерілету негізінде білім беру сапасын және білім беру қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жәрдемдесуге бағытталған сыртқы бағалау жүргізумен байланысты.

Сапаны арттыру, географияны кеңейту және аккредиттеу рәсімдерін жетілдіру арқылы аккредиттеу қызметтерінің ұлттық және халықаралық нарығында IAAR ұстанымдарын күшейту

2023 жылы IAAR қызметі Қазақстан Республикасының (оның ішінде Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–

2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы) және шетел мемлекеттерінің білім беру жүйелерін дамытудағы халықаралық және ұлттық басымдықтарда айқындалған мақсаттар мен міндеттер, халықаралық тәжірибе және IAAR-дың 2022–2026 жылдарға арналған даму стратегиясының негізгі индикаторларын іске асыру негізінде құрылды.

Сыртқы бағалаудың мақсаты сыртқы стейкхолдерлердің қатысуымен әзірленген және IAAR-дың алқалы органдарымен келісілген «IAAR-дың 2022–2026 жылдарға арналған даму стратегиясында» айқындалған миссиямен, пайыммен, құндылықтармен, стратегиялық мақсаттармен үйлестірілген.

Агенттік барлық деңгейдегі тұтынушылар үшін — мемлекет, қоғам, білім беру ұйымдары, жұмыс берушілер, білім алушылар, қоғамдық ұйымдар үшін — білім беру сапасын бағалау саласындағы сапалы қызметтермен қамтамасыз етуге және тұрақты дамуға бағдарланған сапаны қамтамасыз ету саласындағы Саясатты жүзеге асырады.

IAAR 2023 жылы аккредиттеудің мынадай түрлері бойынша сыртқы бағалау жүргізді: орта білім беру, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (ЖжЖОКБ), медициналық білім беру және қосымша білім беру (ҚБ) ұйымдарын институционалдық аккредиттеу, ЖжЖОКБ, медициналық білім беру БҰ-ларын бастапқы аккредиттеу; ТжКБ, ЖжЖОКБ және медициналық білім беруді мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу; ЖжЖОКБ, медициналық білім беру ББ-ларын бастапқы мамандандырылған (бастапқы бағдарламалық) аккредиттеу; бірлескен білім беру бағдарламаларын аккредиттеу. IAAR-дың сыртқы сапаны қамтамасыз ету рәсімдерін реттейтін ішкі құжаттары IAAR сайтында жарияланған: <https://iaar.agency>

IAAR стандарттары мен құжаттарын әзірлеу және жетілдіру. Сапалы сыртқы бағалау жүргізу мақсатында IAAR аккредиттеудің әртүрлі түрлері бойынша стандарттар мен критерийлерді өз бетінше әзірлейді. IAAR стандарттары Болон процесінің қағидаттарын (объективтілік, ашықтық, ұтқырлық, жұртшылықты хабардар ету) ескереді және ЖОО-ның өзін-өзі бағалау моделі ретінде, қалыптасып жатқан ұлттық білім беру сапасы жүйесін еуропалық жоғары білім кеңістігінің халықаралық талаптарымен үйлестіру үшін пайдаланылады.

IAAR стандарттары ESG және WFME стандарттарына толық сәйкес келеді және мүдделі тараптарды тарта отырып әзірленеді. IAAR ENQA ұсынымдарын басшылыққа ала отырып, «IAAR стандарттарын әзірлеу және жетілдіру жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес (IAAR директорының 2015 жылғы

«02» қыркүйектегі №19-15-01 бұйрығымен бекітілген және күшіне енгізілген) аккредиттеу стандарттарын қайта қарау және жетілдіру рәсімдерін жүйеледі.

IAAR қызметінің сапасы мен тиімділігін арттыру үшін 2023 жылы агенттіктің нормативтік-әдістемелік құжаттамасын жетілдіру, мемлекеттің, қоғамның және еңбек нарығының міндеттері мен талаптарын ескере отырып, ЖОО-ларды институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жұмыс жүргізілді.

2023 жылға арналған Жұмыс жоспарына сәйкес IAAR Бас директорының бұйрығымен бірқатар стандарттарды жетілдіру жөніндегі жұмыс топтары құрылды.

2023 жылы ESG (2015) және Педагогикалық білім беруді аккредиттеудің ұлттық стандартына сәйкес **жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (Қазақстан Республикасы) білім беру бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеу стандарттары** жаңартылды. Бұл стандарттар сыртқы сапаны қамтамасыз ету рәсімдерінен, оның ішінде Педагогикалық білім беруді аккредиттеу стандартына, «Педагог» кәсіптік стандартына сәйкестікке өтуге тиіс педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу рәсімін жүргізу кезінде қолданылады. Педагогикалық білім беру бағдарламасын аккредиттеу кезінде жаңартылған стандарттар педагогикалық білім беру сапасын қамтамасыз ету тетіктерін енгізуге, педагогикалық білім беру сапасына тұрақты мониторинг жүргізуге, педагогикалық кадрларды даярлау сапасын бағалауға бағытталған.

Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясы (WFME) әрбір агенттікке немесе мекемеге өзінің базалық стандарттарын білім беру мен оқытуды әзірлеу, басқару және сапасын қамтамасыз ету саласындағы әрбір контекстпен үйлестіруге мүмкіндік беретін бірқатар стандарттарының тұжырымдамасын өзгертті. Осы өзгерістерге сәйкес IAAR 2023 жылы WFME-нің дипломнан кейінгі медициналық білім беру стандарттарын жаңартты (<https://wfme.org/standards/pgme/>).

2023 жылы Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясы стандарттарының жаңа редакциясына (2020) және Еуропалық жоғары білім кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі стандарттар мен басшылыққа (ESG, 2015), кәсіби медбикелер мен акушерлерді оқытудың жаһандық стандарттарына (2019), Өмір бойы оқытуға арналған Еуропалық біліктілік шеңберіне (EQF, 2019), мейіргерлік және акушерлік іс үшін Еуропадағы білім беру құрылымдарына арналған Еуропалық Одақ стандарттарына TUNING

(2018), Кәсіби біліктіліктерді тану жөніндегі Еуропалық Одақ пен Парламент директивасына (2013), құзыреттер шеңберлік жүйесіне (EFN, 2015) сәйкес техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім берудің медициналық бағдарламаларын халықаралық институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу жөніндегі стандарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. 2023 жылы техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім берудің медициналық бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын халықаралық аккредиттеу агенттік жаңартылған стандарттар бойынша жүргізілді.

2023 жылға арналған IAAR жоспарына және білім беру ұйымдарымен жасалған Шарттарға сәйкес IAAR-дың халықаралық аккредиттеу стандарттары мен әдіснамасын түсіндіру жөніндегі семинарларды ұйымдастыру және өткізу жұмыстары жүргізілді. 2023 жылы Қазақстан, Ресей, Тәжікстан, Румыния, Белиз және Доминика және т.б. білім беру ұйымдары үшін 15 семинар өткізілді.

Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан ЖОО-лары үшін оқыту семинарларын агенттіктің стратегиялық даму жөніндегі кеңесшісі, профессор, саяси ғылымдар докторы Г.К. Ысқақова, Румыния мен Белиз ЖОО-лары үшін — IAAR сарапшысы, биология ғылымдарының докторы Игорь Чемортан, Доминика үшін — профессор Nadia Badrawi, медицина ғылымдарының кандидаты, доцент, Медициналық бағыт жөніндегі республикалық оқу-әдістемелік кеңестің төрайымы С.И. Сыдықова өткізді.

Осылайша, халықаралық стандарттарды, ұлттық талаптарды және еуропалық жоғары білім кеңістігінің талаптарын ескере отырып, IAAR аккредиттеудің әртүрлі түрлері бойынша өзінің меншікті стандарттары мен критерийлерін халықаралық стандарттарға сәйкес әзірлеу/жетілдіру және оларды кең академиялық қауымдастыққа жеткізу бойынша үлкен жұмыс жүргізді.

Халықаралық аккредиттеу. 2023 жылы Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Украина, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Беларусь Республикасы, Әзербайжан Республикасы, Румыния, Армения, Доминика ЖОО-ларын институционалдық және мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу жүзеге асырылды. Барлығы 2023 жыл ішінде Қазақстан Республикасының 19 БҰ-сы, 7 шетелдік БҰ халықаралық институционалдық аккредиттеуден, Қазақстандағы әртүрлі оқу деңгейіндегі 306 ББ және шетелдік БҰ-лардың 75 ББ халықаралық мамандандырылған аккредиттеуден өтті.

Қазақстан Республикасындағы халықаралық аккредиттеу.

Қазақстандағы білім беру ұйымдарының сапасын бағалау стейкхолдерлердің белсенді қатысуымен жоғары, кәсіптік-техникалық, жоғары және дипломнан кейінгі медициналық білім беруді, медициналық колледждерді, үздіксіз кәсіптік білім беру ұйымдарын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің халықаралық бағдарламаларын іске асыратын мектептерді институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу стандарттары мен басшылықтары негізінде жүзеге асырылды. Қазақстандағы аккредиттеу рәсімі мен әдіснамасымен IAAR сайтында толығырақ танысуға болады: www.iaar.agency «Аккредиттеу» бөлімінде.

Институционалдық аккредиттеу. Білім беру ұйымдарының сапасын бағалау жоғары, кәсіптік-техникалық, жоғары және дипломнан кейінгі медициналық білім беруді, медициналық колледждерді, үздіксіз кәсіптік білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу стандарттары мен басшылықтары негізінде жүзеге асырылды. 2023 жыл ішінде IAAR-да **19** білім беру ұйымы, оның ішінде **9** ЖОО, **3** ТжКБ ұйымы, **6** үздіксіз кәсіптік білім беру ұйымы және **1** халықаралық мектеп институционалдық аккредиттеуден өтті. БҰ-лардың басым көпшілігі IAAR-дың институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін толық көрсетіп, 5 жылға аккредиттелді.

1-кесте. 2023 жылы аккредиттелген ҚР білім беру ұйымдарының сандық көрсеткіштері (институционалдық аккредиттеу)

Білім беру ұйымдары	7 жыл	5 жыл	3 жыл	1 жыл	бас тартылды	Барлығы
ЖОО						
Ұлттық		2				2
Мемлекеттік		1				1
Акционерлік		2				2
Жеке		4				4
ТжКБ						0
ТжКБ (медициналық)		3				3
ҒЗИ, ҮКБҰ, мектептер	1	6				7
Жиыны	1	18	0	0	0	19

1-кесте деректері 2023 жылы IAAR аккредиттеген **19** білім беру ұйымының **18** білім беру ұйымы 5 жылға, **1** — 7 жылға аккредиттелгенін көрсетеді. ЖОО-лардың басым көпшілігі IAAR-дың институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін толық көрсетті.

Қазақстандағы IAAR аккредиттеуі стейкхолдерлердің белсенді қатысуымен жүргізіледі: жұмыс берушілер, студенттер, шетелдік сарапшылар, сондай-ақ үйлестіруші — агенттік өкілі. Стейкхолдерлер БҰ жүзеге асыратын өзін-өзі бағалау процесіне де, сыртқы сараптама комиссиясының сапары барысында да тартылады. Сыртқы сараптама комиссияларының есептері IAAR сайтында ашық қолжетімді.

Қазақстан Республикасындағы мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу. ББ сапасын бағалау жоғары, кәсіптік-техникалық, базалық медициналық және дипломнан кейінгі медициналық білім беруді, медициналық колледждерді мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттары мен басшылықтары негізінде жүзеге асырылды. 2023 жылы мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу шеңберінде барлығы **306** ББ, оның ішінде **195** ББ — мамандандырылған аккредиттеу, **111** ББ — бастапқы мамандандырылған аккредиттеу аккредиттелді.

2023 жылы аккредиттелген білім беру бағдарламаларының жалпы статистикасы 2-кестеде келтірілген.

2-кесте. 2023 жылы аккредиттелген білім беру бағдарламаларының сандық көрсеткіштері (мамандандырылған/бағдарламалық аккредиттеу)

БҰ/ББ атауы	7 жыл	5 жыл	3 жыл	1 жыл	Аккредиттеуден бас тарту	Барлығы
ЖОО	4	238	26	1		269
BA	1	126	16			143
MA	1	89	7	1		98
PhD	2	23	3			28
Медициналық ЖОО		33	2	2		37
BA		8				8
MA		10				10
PhD		2				2
Резидентура		13	2	2		17

ТжКБ						
Барлығы аккредиттелді	4	271	28	3		306

306 білім беру бағдарламасының **4** бағдарламасы 7 жылға, **271** білім беру бағдарламасы — 5 жылға, **28** ББ — 3 жылға, **3** білім беру бағдарламасы 1 жылға аккредиттелді.

2023 жылдың ерекшелігі IAAR халықаралық аккредиттеуіне ұсынылған ҚР бірлескен білім беру бағдарламалары санының өсуі болды. 2023 жылы IAAR аккредиттеген **306** білім беру бағдарламасының **13** ББ бірлескен болды. 2023 жылы Нацаккредцентрмен (РФ) және MQA-мен (Малайзия) бірлескен аккредиттеу жүргізу туралы келісімге қол жеткізілді. Бұл бағыттағы жұмыс 2024 жылы жалғасады.

Траншекаралық аккредиттеу. Агенттік қызметінің маңызды бағыты ESG және WFME стандарттары негізінде, оның ішінде сапардың online және гибриді форматтарын қоса алғанда, шетел мемлекеттерінің білім беру ұйымдарын халықаралық институционалдық және мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу жүргізу болды.

Халықаралық аккредиттеу жүргізу кезінде IAAR сыртқы бағалау рәсімдерінің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі еуропалық желілердің талаптарына, ESG стандарттарына сәйкестігін, сондай-ақ шетел мемлекеттерінің білім беру саласындағы уәкілетті органдары белгілеген қағидалар мен тәртіптердің сақталуын қамтамасыз етеді. Сыртқы сапаны бағалаудың негізгі құралы IAAR-дың 25.05.2018 ж. № 68/1-18-од бұйрығына сәйкес бекітілген және күшіне енгізілген «Шетелдік білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен басшылық (ESG негізінде)» болып табылады.

2023 жылы халықаралық институционалдық аккредиттеу шеңберінде IAAR Румыния, Беларусь, Армения, Әзербайжан, Ресей, Доминиканың 7 шетелдік ұйымына сыртқы сапаны бағалау жүргізді. Шетелдік ЖОО-лардың **75** білім беру бағдарламасы IAAR халықаралық бағдарламалық аккредиттеуінен өтті. 2023 жылы Washington University of Health and Science (Belize), Columbus Central University School of Medicine (Belize) ұйымдарымен сыртқы бағалау жүргізу туралы шарт жасалды. 2022 жылы Swiss International Institute of Lausanne (Switzerland) ұйымымен шарт жасалды, бұл білім беру ұйымын халықаралық аккредиттеу 2024 жылы жүргізілуі жоспарланып отыр.

2023 жылы IAAR **Ресей Федерациясының 5** ЖОО-сында халықаралық аккредиттеу жүргізді. IAAR СЭК ББ-лардың стандарт критерийлеріне сәйкестік деңгейлері бойынша қорытындылар дайындады, олардың негіздемесі аккредиттеу рәсімдерінің қорытындысы бойынша есептерде баяндалған. 2023 жылы IAAR аккредиттеген ресейлік ЖОО-лардың **16** білім беру бағдарламасының **12** ББ 5 жыл мерзімге, **4** ББ — 3 жылға аккредиттелді.

2023 жылы IAAR Румынияның **3** білім беру ұйымын аккредиттеді («Victor Babes» University of Medicine and Pharmacy Timisoara, «Carol Davila» university of medicine and pharmacy Bucharest, «George Emil Palade» University of Medicine, Pharmacy, Science and Technology from Targu Mures). 2023 жылы IAAR аккредиттеген Румыния ЖОО-ларының **5** білім беру бағдарламасының **3** ББ 5 жыл мерзімге, **2** ББ — 3 жылға аккредиттелді. Институционалдық аккредиттеу шеңберіндегі 2 БҰ-дан 1 БҰ 5 жыл мерзімге, **1** БҰ — 3 жылға аккредиттелді.

IAAR Янка Купала атындағы Гродно мемлекеттік университетіне (**Беларусь Республикасы**) институционалдық және бағдарламалық аккредиттеу, Dnipro State Medical University (**Украина**), American Canadian School of Medicine (**Доминика**), Azerbaijan University (**Әзербайжан Республикасы**) және Erebuni medical academy foundation (**Армения Республикасы**) ұйымдарына бағдарламалық аккредиттеу жүргізді.

IAAR-дың Орталық Азиядағы халықаралық аккредиттеуі. IAAR 2023 жылы **Қырғыз Республикасында, Тәжікстан Республикасында, Өзбекстан Республикасында** халықаралық аккредиттеу жүргізеді. Мысалы, 2023 жылы IAAR **Қырғыз Республикасында 5** білім беру ұйымында, оның ішінде **3 ЖОО-ға** институционалдық аккредиттеу (Ош мемлекеттік университеті, Бекмамат Осмонов атындағы Жалал-Абад мемлекеттік университеті, Халықаралық медицина жоғары мектебі) және **4 ЖОО-ның 22 ББ-сына** бағдарламалық аккредиттеу жүргізді (И. Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті, Ош мемлекеттік университеті, Бекмамат Осмонов атындағы Жалал-Абад мемлекеттік университеті және К.И. Скрябин атындағы Қырғыз ұлттық аграрлық университеті). Барлық білім беру бағдарламалары 5 жылға аккредиттелді.

2023 жылы IAAR аккредиттеуінен **11 ББ**, оның ішінде Тәжік ұлттық университетінің **10** ББ және Худжанд қаласындағы академик М.С. Осими атындағы Тәжік техникалық университетінің Политехникалық институтының **1** ББ (**Тәжікстан Республикасы**) өтті.

IAAR аккредиттеген барлық білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламалары автоматты түрде Жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық тіркелімнің (EQAR) DEQAR деректер базасына енгізіледі. DEQAR Еуропалық тіркелімі еуропалық деңгейде танылған сапаны қамтамасыз ету агенттіктері аккредиттеген білім беру бағдарламалары мен білім беру ұйымдарының Тіркелімі болып табылады.

IAAR DEQAR деректер базасына Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей, Беларусь, Молдова және т.б. барлық аккредиттелген білім беру ұйымдарының есептерін орналастырды. Білім беру бағдарламалары мен білім беру ұйымдарын DEQAR-ға енгізу олардың ESG сапаны қамтамасыз ету стандарттарына сәйкестігін растайды және аккредиттелген білім беру бағдарламаларын Еуропалық жоғары білім кеңістігі аумағында тану үшін негіз болып табылады. IAAR DEQAR-ға енгізген білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларымен мына сілтеме бойынша толығырақ танысуға болады: <https://www.eqar.eu/register/agencies/agency/?id=30>

Осылайша, IAAR шетелдік ЖОО-лардың білім беру ұйымдарын халықаралық институционалдық аккредиттеу, білім беру бағдарламаларын бағдарламалық аккредиттеу жүргізе отырып, олардың білім беру және ғылыми қызметінің тиімділігі мен сапасын арттыруға, білім беру бағдарламаларын жаңартуға, оқытудың жаңа технологияларын енгізуге жәрдемдеседі, сапа мәдениетін дамытуға, сондай-ақ халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциялануға ықпал етеді. IAAR аккредиттеу қызметтерінің халықаралық нарығында жоғары бәсекеге қабілеттілікті көрсете отырып, Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның 15 мемлекетінің ЖОО-ларына сыртқы бағалауды табысты жүргізеді.

Ұлттық және шетелдік сарапшылардың сапалық әлеуетін арттыру

IAAR өзінің миссиясы мен стратегиялық даму мақсаттарын басшылыққа ала отырып, жоғары білім сапасын сыртқы қамтамасыз ету рәсімдерінің түпкі мақсаттарына қол жеткізу үшін сараптамалық әлеуеттің сапасын арттыруға ерекше мән береді. БҰ және/немесе ББ-ны сапалы бағалау үшін IAAR басшылығы сарапшыларды іріктеу мен даярлауға ерекше назар аударады. IAAR сарапшыларының деректер базасына ЖОО қауымдастығының өкілдері, шетелдік сарапшылар, жұмыс берушілер мен студенттер кіреді.

2023 жылы IAAR сараптамалық әлеуетінің деңгейін арттыру мақсатында бар сарапшылар деректер базасын сапалы жаңартуға тұрақты мониторинг жүзеге асырылды. IAAR-дың 2023 жылғы сараптамалық әлеуеті әлемнің **39** елінен академиялық қауымдастықтың **4000-нан** астам өкілін қамтиды.

Сарапшылардың әрбір санаты үшін сапаны бағалауға ең тәжірибелі мамандарды тартуға мүмкіндік беретін белгілі бір іріктеу критерийлері белгіленген. Іріктеу критерийлері мен талаптары IAAR сыртқы сарапшысының сараптамалық қызметін реттеу жөніндегі ережеде айқындалған. Сарапшыларды іріктеу білім беру саласындағы жұмыс өтілін, ғылыми дәрежесінің/атағының болуын, аккредиттеу агенттіктерінің, кәсіби ұйымдардың, білім беру ұйымдары мен студенттік бірлестіктердің ұсынымдарын ескере отырып жүргізіледі.

IAAR шетелдік аккредиттеу агенттіктерімен сарапшылармен өзара алмасуды жүзеге асыра отырып, белсенді ынтымақтасады. Соңғы 10 жыл ішінде IAAR СЭЖ құрамында ASIIN, ACQUIN, FIBAA, WFME, AIC, ANACEC сарапшылары, Ұлыбритания, Германия, Франция, Грекия, Түркия, Польша, Чехия, Эстония, Латвия, Литва, Украина, Болгария, Беларусь, Қырғызстан және басқа елдердің шетелдік білім беру ұйымдарының өкілдері қатысты. IAAR-дың шетелдік серіктестері ұсынған сарапшыларды кәсібилік, құзыреттіліктің және мәдениеттің жоғары деңгейі сипаттайды. 2023 жылы шетелдік серіктестермен ынтымақтастық туралы келісім шеңберінде аккредиттеу рәсіміне ANACEC (Молдова), Росаккредагенттігі (РФ), Әзербайжан Республикасының Мемлекеттік емтихан орталығы, Ұлттық білім беру сапасын қамтамасыз ету агенттігі (Беларусь Республикасы), Жоғары білім сапасын қамтамасыз ету агенттігі ARACIS (Румыния), Медицина студенттері қауымдастықтарының халықаралық федерациясы (IFMSA), Аккредиттеу, сертификаттау және сапаны қамтамасыз ету институты (ACQUIN) сарапшылары тартылды. Агенттік жобаларының жетекшілері ретінде бұрын Росаккредагенттігі, Нацаккредцентр, FIBAA, ACQUIN, AIC, WFME ұсынған сарапшылар, сондай-ақ IAAR оқыту семинарларынан өткен шетелдік сарапшылар да тартылды.

2023 жылы медициналық бағыттағы шетелдік сарапшылардың құрамы айтарлықтай кеңейді, Литва, Молдова, Украина, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және РФ-дан, сондай-ақ IAAR-дың шетелдік серіктес агенттіктерінің ұсынымы бойынша шетелдік сарапшылар тартылды.

Агенттіктің қызмет жоспарына сәйкес IAAR ұлттық сарапшылардың IAAR ұсынымы бойынша шетелдік білім беру ұйымдарының сапасын қамтамасыз ету рәсімдеріне қатысуына зор көңіл бөлді. Мысалы, 2023 жылы IAAR ұсынымы бойынша Агенттік сарапшылары серіктес — Кәсіби-қоғамдық аккредиттеудің ұлттық орталығының (Нацаккредцентр, Ресей) сыртқы бағалауын жүргізуге тартылды.

Студенттер мен жұмыс берушілердің білім беру сапасын қамтамасыз етудегі ролін арттыруға және мүмкіндіктерін кеңейтуге мүдделілік таныта отырып, IAAR студенттерді ББ-ны бағалауға және шешім қабылдау процесіне белсенді тартады. Барлық аккредиттеу рәсімдерінде студенттерді бағаланатын әрбір кластерге тарту жөніндегі ENQA талаптары сақталған.

IAAR-дың аккредиттеу агенттіктерімен және сарапшылармен ынтымақтастығы IAAR сарапшыларының жоғары кәсібилігі мен сұранысқа ие болуын көрсетеді, сараптамалық қызметтің нәтижелілігін арттыруға, пікір алмасуға, аккредиттеу қызметінің үздік тәжірибесін жинақтауға және таратуға мүмкіндік береді.

IAAR СЭК төрағасы ретінде аккредиттеу процесіне тарту үшін сарапшылар тізімін қалыптастыру мақсатында әртүрлі санаттағы сарапшылардың қызметіне жыл сайын талдау жүргізеді. 2023 жыл ішінде Сыртқы сараптама комиссиясын қалыптастыру шеңберінде IAAR сарапшыларымен өзара әрекеттестік, жаңа сарапшыларға 2020–2023 жж. күшіне енгізілген Стандарттар мен басшылықтарға сәйкес институционалдық және мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу әдіснамасын түсіндіру жүзеге асырылды.

2023 жылы ұлттық және халықаралық сарапшылар сараптамалық қызмет тәжірибесімен СЭК сапары кезінде ғана емес, өткізілетін форумдарда, семинарларда, сондай-ақ IAAR-дың «Education. Quality Assurance» журналының беттерінде де белсенді бөлісті. 2023 жылы шетелдік авторлардың мақалалары жарияланды: Ресей Федерациясынан — 4, Қырғыз Республикасынан — 1, Тәжікстан Республикасынан — 1, Өзбекстан Республикасынан — 1. Қазақстандық және шетелдік авторлардың бірлескен мақалалары: Ресей Федерациясымен — 5, Малайзиямен — 1 және Словакиямен — 1.

IAAR-дың сараптамалық әлеуетін арттыру жөніндегі қызметінің маңызды бағыты сарапшыларды оқыту мен даярлау болып табылады. Сарапшыларды даярлау мен сертификаттау «Сыртқы сарапшыларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі ережеге» сәйкес жүзеге асырылады. Жыл сайынғы жоспарларға сәйкес сапаны бағалау жөніндегі сарапшылыққа үміткерлердің құзыреттерін қалыптастыру мақсатында IAAR оқыту семинарларын өткізеді. Семинарларда тыңдаушылар теориялық бөлімді меңгереді: IAAR-дың белгіленген талаптары, аккредиттеудің әртүрлі түрлерінің рәсімдерінің мазмұны, IAAR және ESG стандарттары, этикалық мінез-құлық қағидаттары. Осындай семинар шеңберінде сарапшылыққа

үміткерлерді даярлау міндетті болып табылады және СЭК құрамына енгізу үшін негіз болады. Даярлаудың 2-деңгейінде СЭК құрамындағы сарапшылардың функцияларына сәйкес практикалық тапсырмалар беріледі. 2-деңгей тапсырмаларын сәтті орындаған кезде үміткер сарапшылар базасына енгізіледі және оған санат (1, 2, 3) беріледі. Бұл санаттар агенттікке сарапшыларды тарту санын және олардың жұмысының сапасын бақылауға мүмкіндік береді.

IAAR ҚР, ҚырР, ТР және РФ, БР бірқатар ЖОО-ларының оқытушылары мен студенттері, Қырғызстанның тәуелсіз аккредиттеу агенттіктерінің өкілдері қатысқан сарапшыларды даярлау мен біліктілігін арттыру жөніндегі бірқатар семинар ұйымдастырды. IAAR 2023 жылы бекітілген кестеге сәйкес Агенттіктің жаңа және жұмыс істеп тұрған сарапшылары, сондай-ақ СЭК төрағалары үшін оқыту семинарларын өткізді.

2023 жылы 2020 жылы басталған IAAR сарапшыларын кәсіби дамыту бағдарламасы өз жалғасын тапты. Мысалы, 2023 жылғы 10 наурызда сыртқы сараптама комиссиясының төрағалары үшін «IAAR стандарттарына сәйкестікке сыртқы сапаны бағалау және жетілдіруге бағдарлану» тақырыбында вебинар; 2023 жылғы 29 наурыз және 24 қараша — медициналық білім беру ұйымдарына сыртқы сараптама комиссиясының сапарына сарапшыларды даярлау жөніндегі вебинарлар; 2023 жылғы 24 қараша — білім беру ұйымдарына СЭК сапарына IAAR сарапшыларын даярлау жөніндегі вебинар және т.б. өткізілді. Модераторлар вебинарға қатысушылардың назарын білім беру бағдарламасы профилінің параметрлеріне сәйкес бағалаудың алдын ала қорытындыларын алқалы талқылау, параметрлерді бағалаудың аналитикалық бөлім мазмұнына, күшті жақтарына және тұжырымдалған ұсынымдарға сәйкестігін қамтамасыз ету, СЭК есебінің объективтілігі мен негізділігін қалыптастыру және қамтамасыз ету қағидаттары мәселелеріне аударды.

IAAR медициналық білім беру ұйымдары мен медициналық білім беру бағдарламаларына сыртқы бағалау жүргізу жөніндегі сарапшыларды даярлауға үлкен көңіл бөлді. 2023 жылғы 29 наурызда IAAR медициналық білім беру ұйымдарына сыртқы сараптама комиссиясының сапарына сарапшыларды даярлау жөніндегі вебинар өткізді. Вебинар бағдарламасы екі бөліктен тұрды. Вебинардың теориялық бөлігінде қатысушылар аккредиттеу процесінде сыртқы сараптама комиссиясы сарапшысының негізгі міндеттері мен функцияларымен, WFME стандарттары негізінде медициналық білім беру жөніндегі IAAR халықаралық стандарттарына сәйкестікке сыртқы сапаны бағалау жүргізумен таныстырылды. Вебинардың практикалық бөлігі

кейстермен жұмыс істеуден, білім беру ұйымы есебінің IAAR аккредиттеу стандарттары мен критерийлеріне сәйкестігін бағалаудан және фокус-топтармен іскерлік ойыннан тұрды.

Сараптама кеңестері туралы ережеге сәйкес Агенттік сертифициратталған сарапшылар деректер базасынан бағыттар бойынша Сараптама кеңестерін қалыптастырады. Жекелеген сарапшыларды Агенттік сапаны бағалау саласындағы қазақстандық және халықаралық іс-шаралардың жұмысына қатысу үшін делегаттайды.

Тәжірибе алмасу мақсатында IAAR қызметкерлері, ұлттық және шетелдік сарапшылар 2023 жылғы форумдар, конгрестер, конференциялар, дөңгелек үстелдер, workshops және тренингтерді өткізуге белсенді қатысады (VI Орталық Азия халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы «Болашақ білімі: өзгерістер желі»; «Астана медицина университеті» KEAҚ базасында (Астана қ.) Kazakhstan Medical Students' Association (KazMSA) ұйымдастырған медицина студенттерінің «Winter Tom & Medical Global Forum» (MGF) халықаралық конференциясы және т.б.).

IAAR сарапшылары аккредиттеу және рейтинг рәсімдері бойынша әдістемелік басшылықтарды әзірлеуге де белсенді қатысады, мақалалар жариялайды. IAAR сарапшыларының кәсіби қызметі сарапшының этикалық мінез-құлқы мен құзыреттері айқындалған нормативтік құжаттар кешенімен реттеледі. «IAAR сарапшысының мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы мәлімдемесі» және «Сарапшының этикалық кодексі» IAAR сайтында «Сарапшылар» бөлімінде жарияланған.

Осылайша, 2023 жылы сарапшыларды кәсіби оқыту бағдарламасын іске асыру, басқа аккредиттеу агенттіктерімен тығыз ынтымақтастық және рәсімдерді жүргізу әдіснамасын жетілдіру арқасында ұлттық және халықаралық сарапшылардың кеңеюі мен сапалы өсуі байқалады. Танылған еуропалық және халықаралық сапаны қамтамасыз ету агенттіктерінен шетелдік сарапшыларды IAAR қызметіне тарту тәжірибесі сыртқы бағалау саласында жақсы нәтиже береді.

Адами ресурстарды, олардың кәсіби құзыреттерін дамыту, Агенттіктің қаржылық тұрақтылығына қол жеткізу арқылы IAAR қызметін тиімді басқару

IAAR-дың миссиясы мен стратегиялық даму мақсаттары ұйымдық құрылымды және жобалық тәсілді қолдануды айқындады. IAAR құрылымына мынадай бөлімшелер кіреді: «Медициналық жобалар», «Халықаралық

жобалар», «ЖОО-ларды институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу жобасы», «ТжКБ ұйымдарын аккредиттеу жобасы», «Ақпараттық-талдау жобасы» және т.б., олардың қызметі ҚР заңнамасымен және IAAR ішкі құжаттарымен реттеледі. Бақылау кеңесі, Аккредиттеу кеңесі, Апелляциялар мен шағымдарды қарау комиссиясы, Ранжирлеу мәселелері жөніндегі консультациялық кеңес және қызмет бағыттары бойынша Сараптама кеңестері жұмыс істейді. Агенттік қызметіне жалпы басшылықты Бас директор жүзеге асырады.

IAAR кең жұртшылықты білім беру ұйымдары қызметінің сапасын бағалау нәтижелері туралы уақытылы хабардар етеді. Аккредиттеу кеңесінің қабылданған шешімдері Агенттік сайтында жарияланады. Барлығы 2023 жыл ішінде Аккредиттеу кеңесінің 9 отырысы өткізілді. Аккредиттеу кеңесінің жұмысын ұйымдастыру Отырыстар кестесіне сәйкес жүргізілді. АҚ қабылдаған шешімдер бойынша ақпарат ГЖБМ ҚР-ға (ГЖБМ ҚР 2, 3 Тіркелімі үшін), сайтқа және білім беру ұйымдарына жіберіледі.

IAAR-да тұрақты негізде 20 қызметкер жұмыс істейді. IAAR қызметкерлерінің функционалдық міндеттері мен жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықтарда және Жұмыс жоспарларында айқындалған. Коммуникациялар күнделікті өзара әрекеттестік, апта сайынғы кеңестер, ішкі аудит арқылы жүзеге асырылады. IAAR үйлестірушілері әрбір СЭК сапарынан кейін сауалнама толтырады. Мұның бәрі жұмысқа оң әсер етеді және аккредиттеу рәсімдерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КЕМ-нің 2022–2026 жылдарға арналған даму стратегиясының 1-мақсаты «Білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесін ұлттық және халықаралық білім беру кеңістігінде дамыту жөніндегі тұрақты қызметіне» қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды іске асыру ENQA мүше-агенттіктеріндегі сапаны қамтамасыз ету және сапаны арттыру жөніндегі мамандардың жалпы негізгі құзыреттері айқындалған «ENQA сапаны қамтамасыз ету кәсіби құзыреттер шеңберінің» талаптарына сәйкес мынадай құзыреттерді дамытуға және қалыптастыруға ықпал етті.

2023 жылы тұрақты негізде апта сайынғы кеңестер өткізілді, онда сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің мәселелері талқыланды. Сондай-ақ білім беру ұйымын және/немесе білім беру бағдарламаларын сыртқы бағалау жүргізу рәсімдерінің сабақтастығын, келісімділігі мен жалғастығын қамтамасыз ету, тәжірибе алмасу мақсатында IAAR үйлестірушілерінің ішкі семинарлары, формалды және формалды емес кездесулері өткізілді. Мұндай

кездесулерде білім беру ұйымына СЭК сапары кезінде, СЭК есептерін жасау кезінде, анонимді сауалнама жүргізу кезінде туындайтын қиындықтар, оның ішінде сыртқы бағалаудың барлық рәсімдерін жетілдіру және біртұтас келісілген форматқа келтіру мүмкіндіктері тұрақты талқыланды. 2023 жылы қызметкерлердің ішкі және сыртқы ортаны, сондай-ақ ұлттық және халықаралық контекстті егжей-тегжейлі түсіну есебінен ықтимал проблемалар мен мүмкіндіктерді болжау қабілеті сияқты құзыреттер жетілдірілді. Қызметкерлердің кәсіби құзыреттерін дамыту арқасында IAAR даму стратегиясының қойылған міндеттері табысты орындалады және белгіленген жоспарлар іске асырылады.

Адами ресурстарды дамытудың 2019–2023 жж. арналған жоспарына сәйкес IAAR қызметкерлері білім беру және сапаны қамтамасыз ету мәселелері бойынша түрлі конференцияларға, семинарлар мен форумдарға қатысу арқылы кәсіби құзыреттерін арттырады. Қызметкерлерді кәсіби дамыту процесі IAAR басшылығымен жоспарланады және бақыланады, ішкі кеңестерде, сондай-ақ СКІЖ шеңберінде қаралады. Адами ресурстарды дамытудың 2019–2023 жж. арналған жоспарына сәйкес IAAR қызметкерлері Агенттіктің стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін қажетті жеке және кәсіби құзыреттерін дамытады.

Кері байланысты дамыту және сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жетілдіру негізінде IAAR қызметінің тиімділігін арттыру

IAAR стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу және қызмет тұтынушыларының қанағаттану дәрежесін айқындау бойынша қызметкерлерді де, стейкхолдерлерді де толық тарту үшін ішкі орта қалыптастырады. IAAR 2022–2026 жылдарға арналған даму стратегиясында жыл сайынғы жұмыс жоспарларын дайындау үшін негіз болатын миссияны, пайымды, стратегиялық мақсаттарды айқындады.

Сапа саласындағы Саясатқа және IAAR Даму стратегиясына сәйкес Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі әзірленді, құжатталды, енгізілді және жұмыс жағдайында ұсталады, СКІЖ Басшылығында ресімделді және сайтта жарияланды. Ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерді ескере отырып, сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі жөніндегі Саясат пен Басшылық сапа мәдениетін қалыптастыруға, стейкхолдерлердің — мемлекеттің, қоғамның, білім беру ұйымдарының, жұмыс берушілердің, білім алушылардың, қоғамдық ұйымдардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағдарлана отырып жаңартылады.

IAAR қызметінің тиімділігін арттыруға сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі шеңберінде агенттік қызметіне мониторинг жүргізу, оның ішінде тұрақты жақсарту жөніндегі жұмыс топтарының жұмысын ұйымдастыру; ішкі аудит жүргізу, оның нәтижелері бойынша есеп дайындау; түзету іс-қимылдарының жоспарын әзірлеу және іске асыру және басқа да іс-қимылдар ықпал етеді. СҚІЖ-ні жақсарту кері байланыс жүргізу, талдау, түзету іс-қимылдары және тәуекелдерді басқару арқылы да жүзеге асырылады.

IAAR алқалы органдар мен сарапшылардың қатысуымен СҚІЖ-ні жақсарту бойынша үнемі жұмыс істейді. Қызметті жақсартуға бағытталған сыртқы және ішкі кері байланыс тетіктері әзірленді және енгізілді. Персоналды СҚІЖ тиімділігін тұрақты қамтамасыз ету процесіне тарту үшін басшылық бастамашыл қызметкерлер мен сарапшылардан тұратын жұмыс топтарының қызметін қолдайды. IAAR қызметкерлері, басқарудың алқалы органдарының мүшелері Даму стратегиясын, шағымдар мен апелляциялар рәсімдерін, аккредиттеу стандарттары мен критерийлерін қоса алғанда, IAAR нормативтік құжаттарын талқылауға қатысады, IAAR қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар береді.

СҚІЖ Басшылығына сәйкес IAAR оның нәтижелілігін айқындау, тиімділігі мен IAAR талаптарына, сондай-ақ тұтынушылар мен сыртқы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін бағалау мақсатында сапаны қамтамасыз ету жүйесіне ішкі тексерулер жүргізеді. Ішкі тексеру жылына бір рет негізгі процестер — БҰ және (немесе) ББ-ны аккредиттеу мен аккредиттеуден кейінгі мониторинг және басқа да бағыттар бойынша жүргізіледі. Бас директордың бұйрығына сәйкес ішкі аудит 2023 жылғы 6–17 ақпанда өтті. Ішкі аудит нәтижелері Агенттік қызметкерлерінің негізгі бизнес-процестерді — БҰ және/немесе ББ-ны халықаралық аккредиттеу мен аккредиттеуден кейінгі мониторингті IAAR Стандарттары мен талаптарына сәйкес жүзеге асырғанын көрсетті; IAAR жоба жетекшілері мен қызметкерлері сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жақсарту бойынша үлкен жұмыс атқарды.

Тексерілетін ЖОО-лар бойынша СЭК есептеріне жүргізілген талдауға сәйкес сапар бағдарламасының барлық іс-шаралары толық көлемде және тиісті мерзімде орындалды және сыртқы бағалауды стандарттарға сәйкес жүргізуге мүмкіндік берді. Үйлестірушілер белгіленген мерзімдерге (СЭК Басшылығы, аккредиттеу Стандарттары) сәйкес аккредиттеу мерзімдерінің (өзін-өзі бағалау есебін ұсыну, СЭК сапары, сапар бағдарламасын әзірлеу, келісу және орындау және т.б.) қатаң сақталуын қамтамасыз етті.

Өзін-өзі бағалау есептеріне жүргізілген талдау үйлестірушілердің көпшілігі өзін-өзі бағалау есептерінің Стандарттар мен Басшылықтардың (БҰның өзін-өзі бағалау есебін жасауға арналған Жадынамасы) талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге ұмтылғанын көрсетті. Жұмыс тобы үйлестірушілердің есептерге мазмұндық және техникалық мониторингті күшейтуінің өзекті болып қала беретінін атап өтті.

Жұмыс тобы аккредиттеу IAAR-дың ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады деген қорытындыға келді. СЭК есептері құрылымы мен мазмұны жағынан тұтастай алғанда IAAR талаптарына сәйкес келеді. СЭК есептерінің дәлелдемелік және аналитикалық бөліктерінің мазмұны көбіне бір-бірімен өзара байланысты, ұсынымдар тұтастай алғанда негізделген және ЖОО-лар қызметін жақсартуға бағытталған. СЭК есептеріне жүргізілген талдау СЭК сарапшыларының ішкі сараптама нәтижелері бойынша тұжырымдалған ескертулерді ескеретінін және Аккредиттеу кеңесіне есептерді сапалырақ деңгейде ұсынатынын көрсетті.

Жұмыс тобы мазмұны бойынша СЭК есептерінің, оның ішінде дәлелдемелік және аналитикалық бөліктерінің, сарапшылар атап өтетін күшті жақтары мен ұсынымдарының сапалы жақсарғанын атап өтеді. Бұған 2022–2023 жж. сарапшылар үшін СЭК есебін жазуға қойылатын жаңа, жаңартылған талаптарды түсіндіру жөніндегі оқыту семинарларын өткізу де ықпал етті. Үйлестірушілер білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау есептерін рецензиялау және СЭК есептерінің ішкі сараптамасын жүргізу процестерін жүргізу кезінде, сондай-ақ жұмыс тобы мүшелері ішкі аудит жүргізу кезінде ең алдымен білім беру ұйымын және (немесе) білім беру бағдарламасын аккредиттеу процесінде сыртқы бағалау рәсімін ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Басшылықта баяндалған IAAR талаптарын басшылыққа алды.

Ішкі аудит барысында жұмыс тобы мынадай тән кемшіліктер мен ескертулерді анықтады: кейбір СЭК есептерінде ұсынымды дәлелдеу үшін студенттер мен ПОҚ-ты анонимді сауалнаманың нәтижелері әлсіз көрсетілген; (VI) Аккредиттеу стандарттарына сәйкестік бөлімінде әрбір стандарттың атауынан кейін стандарт критерийлері әрқашан жазылмайды; ұсынымдар әрқашан әрбір ББ бойынша жеке ұсынылмайды; жекелеген есептерде кесте параметрлеріндегі және есептің мәтіндік бөлігіндегі СЭК бағасының алшақтығы байқалады; көптеген СЭК есептерінде алдыңғы аудит кезінде атап өтілген ресімдеу жөніндегі техникалық кемшіліктер байқалады.

2022–2023 жж. аккредиттеуден кейінгі мониторинг бойынша үйлестірушілер білім беру ұйымдары ұсынатын СЭК ұсынымдары шеңберінде

сапаны жақсарту мен жетілдіру жөніндегі іс-шаралар Жоспарларының сапасына, оның ішінде СЭК есебінде тұжырымдалған ұсынымдарға сәйкестігіне; аккредиттелетін нысанның ерекшелігін ескере отырып, нақты орындау мерзімдері мен жауапты адамдарды көрсете отырып, «Ұсынымдарды орындау жөніндегі іс-шаралар» бөлімінің толтырылуына бақылауды күшейтті.

IAAR аккредиттеу қызметінің сапасын жақсарту үшін СКІЖ-нің сарапшыларға сауалнама жүргізу сияқты құралдарын кеңінен пайдаланады. Кері байланыс нәтижелері бойынша сарапшылар мынадай ұсынымдар берді:

- СЭК сапарын күндізгі форматта жүргізген жөн. Сарапшылар халықаралық аккредиттеу рәсімін онлайн форматта жүргізу кезіндегі неғұрлым күшті жүктемені атап өтеді.
- Жекелеген стандарттардағы кейбір критерийлерді неғұрлым өзекті тұжырымдамалармен ауыстыра отырып, қайта тұжырымдау.
- СЭК сапарына мұқият дайындалу мақсатында студент-сарапшылар үшін жеке оқыту семинарларын өткізу.
- Сағаттық белдеулердегі айырмашылықты ескеру және білім беру ұйымы қызметінің нәтижелеріне неғұрлым егжей-тегжейлі талдау мен бағалау жүргізу үшін СЭК сапарының онлайн форматтағы ұзақтығын 4 күнге дейін ұлғайту.

Осылайша, жұмыс тобы Агенттік жүргізетін негізгі бизнес-процестерді талдау, IAAR сарапшыларына сауалнама нәтижелері негізінде жүргізген ішкі аудит жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға және IAAR аккредиттеу қызметінің сапасын арттыруға бағытталған шараларды ұсынуға мүмкіндік берді.

Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің процестері мен нәтижелілігін жақсарту, ішкі аудит пен стейкхолдерлермен кері байланыс нәтижелерін неғұрлым тиімді келісу, оларды есептілік пен жоспарлау жүйесімен интеграциялау мақсатында жұмыс тобы ішкі аудит, кері байланыс нәтижелерін талдау, жыл сайынғы есептілік пен қызметкерлердің және тұтастай Агенттіктің қызметін жоспарлау мерзімдерін келісуді ұсынды.

Жұмыс тобы жүргізген ішкі аудит жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға және IAAR аккредиттеу қызметінің сапасын арттыруға бағытталған шараларды Түзету іс-қимылдары жоспары түрінде ұсынуға мүмкіндік берді. Соңғысы 11 іс-шараны қамтыды, олар 2023 жыл ішінде толық көлемде орындалды. Атап айтқанда, түзету іс-қимылдары жоспарына сәйкес оқыту семинарларында және СЭК сапарлары кезінде үйлестірушілер СЭК Төрағасы мен мүшелерінің назарын СЭК есебінің мәтінінде стандарттар бөлінісінде студенттер мен ПОҚ-ты анонимді сауалнама нәтижелерін белсенді пайдалану

мен көрсету, сондай-ақ СЭК тұжырымдары мен ұсынымдарын дәлелдеу үшін оларды талдау қажеттілігіне аударды. Медициналық ЖОО-лар үшін оқыту семинарларын өткізу кезінде ЖОО ішкі сарапшыларына «күшті», «қанағаттанарлық» және «жақсартуды талап етеді» деген бағалау позицияларының мәнін түсіндіруге, сондай-ақ ЖОО-ның өзін-өзі бағалау есебін әзірлеу кезінде сыни өзін-өзі талдау жүргізу қажеттілігіне ерекше назар аударылды. Үйлестірушілер СЭК Төрағасы мен мүшелерінің СЭК есептерінде әрбір ББ мазмұны бойынша жеке атаулы ұсынымдарды тұжырымдауын қадағалады. Білім беру ұйымдары ұсынатын СЭК ұсынымдары шеңберінде сапаны жақсарту мен жетілдіру жөніндегі іс-шаралар Жоспарының сапасына, оның ішінде СЭК есебінде тұжырымдалған ұсынымдарға сәйкестігіне, нақты орындау мерзімдері мен жауапты адамдарды көрсете отырып, бақылау күшейтілді.

Тәжірибе IAAR ішкі аудитінің Агенттіктің барлық іске асырылатын жобаларының қызмет сапасын қамтамасыз етуге оң әсерін көрсетеді.

Сапаны қамтамасыз етудің қолданыстағы ішкі жүйесі шеңберінде жоғарыда көрсетілген сауалнамалардың нәтижелері IAAR қызметін тиісті талдау мен жақсарту үшін пайдаланылады. Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің мәселелері Агенттік қызметкерлерінің апта сайынғы кеңестерінде, Сараптама кеңестері мен Аккредиттеу кеңесінің отырыстарында тұрақты талқыланады.

Ішкі аудит, негізгі стейкхолдерлерге сауалнама, аналитикалық есептер, СЭК есептерін талдау және т.б. нәтижелері Агенттіктің жедел қызметінде, IAAR жыл сайынғы даму жоспарларын, қызметкерлердің жеке жоспарларын әзірлеу кезінде және т.б. ескеріледі. Тәжірибе IAAR СҚІЖ-нің негізгі бизнес-процестер: халықаралық (институционалдық және мамандандырылған/бағдарламалық) аккредиттеу, білім беру ұйымдарын аккредиттеуден кейінгі мониторинг бойынша белгіленген талаптарды сөзсіз орындауға деген сенімділікті қолдауға оң әсерін көрсетеді.

IAAR стейкхолдерлермен байланысты процестердің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, оның өнімі мен қызметтеріне қатысты стейкхолдерлердің пікірлерін зерделеу жөніндегі іс-шараларды жүйелі жүргізеді. Білім беру ұйымдары мен сарапшыларға өлшеу құралдарын қолдану арқылы сауалнаманы талдау, сондай-ақ СЭК есептерін талдау жыл сайын ақпараттық-талдау жобасымен жүргізіледі. Білім беру ұйымдары мен сарапшыларға сауалнаманы талдау нәтижелері IAAR сайтында «Аналитикалық есептер» бөлімінде жарияланады, СҚІЖ-ні жақсарту жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу

және IAAR басшылығына ұсыну үшін Сараптама кеңестерінде қаралады, сыртқы сапаны қамтамасыз ету процесінде пайдаланылады.

Жоғары білімді дамытудың өзекті проблемаларын, тенденциялары мен болашағын және сапаны қамтамасыз етудегі жаңа тәсілдерді анықтау мақсатында IAAR жыл сайын СЭК есептеріне талдау жүргізеді, оның нәтижелері Жоғары білім жөніндегі Сараптама кеңесінде талқыланады және IAAR сайтында да жарияланады.

Сапа саласындағы Саясатқа сәйкес стейкхолдерлермен және қызмет тұтынушыларымен жұмыс олардың талаптарын қанағаттандыруға бағытталған және кері байланыс пен өзара тиімді әріптестік қағидаттарына негізделген. IAAR 2023 жыл ішінде білім беру ұйымдарымен, жастар ұйымдарымен түрлі алаңдар арқылы білім беру, түсіндіру және ақпараттық жұмыс жүргізді (мысалы, Жоғары білімді дамытудың ұлттық орталығы ұйымдастырған «Бірлескен білім беру бағдарламалары мен қос диплом бағдарламаларын әзірлеу және енгізу тәсілдері» семинары; «Кәсіби сертификаттау жүйесіндегі университеттер: халықаралық деңгейге шығу» дөңгелек үстелі (Астана қ.); жаңа реттеуші саясатты енгізу мәселелері жөніндегі семинар (NARXOZ University, Алматы қ.); Kazakhstan Medical Students' Association (KazMSA) ұйымдастырған «SCOME Camp» екінші халықаралық теориялық-практикалық форумы және т.б.).

IAAR мемлекеттік, мемлекеттік емес және қоғамдық ұйымдармен (студенттік бірлестіктермен, жұмыс берушілердің қауымдастықтары мен кәсіби қауымдастықтарымен және т.б.), халықаралық серіктестермен сындарлы ынтымақтастықты жүзеге асырады. IAAR өзі қызмет ететін елдердің білім беру саласындағы уәкілетті органдарымен заңнамалық талаптарға сәйкес өзара әрекеттеседі, қызмет пен сыртқы бағалаудың нәтижелері туралы хабардар етеді, сапаны қамтамасыз етудің ұлттық жүйесін дамытуға жәрдемдеседі, ESG стандарттарын енгізу мәселелері бойынша консультация береді, сапаны қамтамасыз ету мәселелері бойынша бірлескен іс-шаралар жүргізеді және академиялық қауымдастықтың кәсіби дамуына ықпал етеді. IAAR жыл сайын өз қызметі туралы есеп жібереді, сондай-ақ тұрақты негізде ҚР БҒМ-ні, Қырғ БҒМ-ні, Қырғ Ұлттық аккредиттеу кеңесін және ТР БҒМ-ні аккредиттелген БҰ және/немесе ББ туралы хабардар етеді (олардың талаптарына сәйкес).

Сыртқы стейкхолдерлердің сапаны бағалауға неғұрлым белсенді тартылуын IAAR-дың кәсіби бірлестіктермен және жұмыс берушілер мен студенттер қауымдастығымен, сондай-ақ IAAR алқалы органдарының (АК,

ЖБ СК, МБ СК, ТЖКБ СК) құрамындағы шетелдік ЖОО-лармен ынтымақтастығы дәлелдейді. IAAR қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында ҚР «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен (ҰКП), ҚР Ұлттық медициналық қауымдастығымен, ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығымен, ҚР Ұлттық инженерлік академиясымен, Халықаралық информатизация академиясымен және т.б. ынтымақтастықты жалғастырды.

IAAR-дың жастар және студенттік ұйымдармен ынтымақтастығы. Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі білім алушылардың мүдделерін ілгерілету қабілеттерін және басқа стейкхолдерлермен қатар білім беру сапасы үшін жауапкершілік алуға дайындығын көрсететін Қазақстанның жастар ұйымдарымен сенім әлеуеті мен әріптестікті белсенді дамытады. 2023 жылы IAAR Қазақстанның жастар және студенттік ұйымдарымен, оның ішінде ең ірі студенттік қоғамдық ұйыммен — Қазақстан студенттер альянсымен белсенді ынтымақтасты.

IAAR өзінің қызметін өлшеудің, талдаудың және жақсартудың тиімді құралы ретінде тану және сыртқы бағалау органдары жүргізетін қызмет сапасын кезеңдік сыртқы бағалауды қарастырады. IAAR Даму стратегиясына сәйкес ұлттық деңгейде де, халықаралық деңгейде де қызмет сапасын кезеңдік сыртқы бағалаудан өтеді. IAAR-ды, мысалы, EQAR-ға енгізу IAAR аккредиттеген барлық білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламалары автоматты түрде Жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық тіркелімнің (EQAR) DEQAR деректер базасына енгізілуін жалғастыратынын білдіреді. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша DEQAR деректер базасында Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Молдова, Әзербайжан, Румыния, Өзбекстан, Армения және Украинаның **130** білім беру ұйымының **3098** есебі тіркелген. IAAR-ды Жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық тіркелімге (EQAR) енгізу туралы ақпарат мына сілтеме бойынша қолжетімді: <https://www.eqar.eu/register/agencies/agency/?id=30>

Білім беру бағдарламалары мен білім беру ұйымдарын DEQAR-ға енгізу олардың ESG сапаны қамтамасыз ету стандарттарына сәйкестігін растайды және аккредиттелген білім беру бағдарламаларын Еуропалық жоғары білім кеңістігі аумағында тану үшін негіз болып табылады.

Осылайша, IAAR Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттерінің білім беру ұйымдарын халықаралық аккредиттеу жүргізе отырып, аккредиттеу қызметтерінің халықаралық нарығында жоғары бәсекеге қабілеттілікті көрсетеді, Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның 15 мемлекетінің ЖОО-

ларына сыртқы бағалауды табысты жүргізеді. 2024 жылы алғаш рет өтінім берген Swiss International Institute of Lausanne (Switzerland), Washington University of Health and Science және Columbus Central University School of Medicine (Belize) ұйымдарына сыртқы бағалау жүргізу жұмысы жалғасады.

Білім беру сапасын қамтамасыз етуге мониторинг жүргізу және үздік әлемдік тәжірибені ұлттық жүйелер мен білім беру ұйымдарын дамытуға енгізу

Аккредиттеуден кейінгі мониторинг рәсімі мен қағидаларының сапасын арттыру

Аккредиттеуден кейінгі мониторинг аккредиттеудің тиісті түрінің критерийлеріне сәйкес аккредиттелген білім беру ұйымы және/немесе білім беру бағдарламаларының сыртқы сараптама комиссиясының ұсынымдарын іске асыруға мониторинг жүргізу мақсатында жүргізіледі. Аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізу сапасын арттыру мақсатында аккредиттелген БҰ-лар IAAR-ға аралық есеп жібереді, ол аккредиттеу туралы куәлік алған сәттен бастап бүкіл мерзім ішінде СЭК ұсынымдарын іске асыру жөніндегі қызметі туралы ақпаратты қамтиды және аккредиттеу стандарттарына сәйкес БҰ-дағы барлық өзгерістер туралы ақпаратты қамтиды. Аккредиттеу кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес Жоғары білім жөніндегі Сараптама кеңесі төрағасының білім беру ұйымдарын және/немесе білім беру бағдарламаларын аккредиттеуден кейінгі мониторинг нәтижелері бойынша есебі тыңдалады.

2023 жылы аккредиттеуден кейінгі мониторингтен **106** білім беру ұйымы, оның ішінде **93** ЖОО (*оның ішінде 21 — шетелдік*), **10** колледж, **2** қосымша білім беру ұйымы және **1** халықаралық мектеп өтті.

Институционалдық аккредиттеу шеңберінде **36** білім беру ұйымы, оның ішінде **24** ЖОО, **9** колледж, **2** қосымша білім беру ұйымы және **1** халықаралық мектеп өтті.

2023 жылы мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу шеңберінде аккредиттеуден кейінгі мониторингтен **1123** ББ, оның ішінде ЖОО-лардың **1087** ББ-сы және ТЖКБ-ның **36** ББ-сы өтті.

Барлық білім беру ұйымдары аккредиттеуден кейінгі мониторингтен табысты өтті, тек білім беру ұйымы аккредиттеуден кейінгі мониторинг бойынша ұсынымдарды орындамауына байланысты Тәжік мемлекеттік сауда университетінің «Әлемдік экономика» ВА, «Әлемдік экономика» МА, «Қаржы және кредит» МА ББ-лары өтпеді. **3** ЖОО, **55** білім беру бағдарламасы бойынша, сондай-ақ институционалдық аккредиттеу бойынша

1 қосымша білім беру ұйымы бойынша аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізілді, олар бойынша шешім 2024 жылғы 26 қаңтарда Аккредиттеу кеңесінің отырысында қабылданады.

Аккредиттеу кеңесінің аккредиттеуден кейінгі мониторинг бойынша қабылданған шешімдері туралы ақпарат, Сараптама топтарының білім беру ұйымдарын және/немесе ББ-ны аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша есептері агенттік сайтында орналастырылған.

3-кесте. 2023 ж. білім беру ұйымдарын және/немесе білім беру бағдарламаларын аккредиттеуден кейінгі мониторинг

Ұйымдар		Институционалдық аккредиттеу	Мамандандырылған/бағдарламалық аккредиттеу
ЖОО	Азаматтық	15	937
	медициналық	9	150
ТжКБ ұйымдары	Азаматтық	2	7
	медициналық	7	29
Мектептер		1	0
Үздіксіз кәсіптік оқыту ұйымдары		2	0
Барлығы		36	1123

2023 жылы аккредиттеуден кейінгі мониторингтен өткен жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының саны 2022 жылмен салыстырғанда **417** ББ-ға артып, **1087** ББ-ны құрады.

Институционалдық аккредиттеу нәтижелері бойынша аккредиттеуден кейінгі мониторингтен өткен ЖОО-лардың саны өсті (жоспар бойынша **15**) және **24** БҰ-ны құрады, ал техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының саны (жоспар бойынша — **4**) **9** БҰ-ны құрады.

2023 жыл тәжірибесі көрсеткендей, аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізу жоспары толық көлемде орындалды, білім беру ұйымдары аккредиттеуден кейінгі мониторинг рәсімінен уақытылы өтті, ұсынылатын материалдардың сапасы артты.

Білім беру сапасын қамтамасыз етудің ұлттық жүйелерін жетілдіруде IAAR-дың аналитикалық әлеуетін арттыру

2022–2026 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру, аккредиттеу рәсімдерін жүргізу сапасын жақсарту және негізгі стейкхолдерлерден кері байланыс алу шеңберінде IAAR аналитикалық қызметті жүзеге асырады және әзірленген құжаттар мен материалдарды кең жұртшылыққа ұсынады. 2023 жылы сыртқы сараптама комиссияларының есептерін талдау негізінде мониторинг жүргізіліп, 2022 жыл үшін IAAR халықаралық мамандандырылған аккредиттеуін жүргізу процесінде Қазақстан Республикасы ЖОО-лары қызметінің жай-күйіне баға берілді, ол ЖОО-лар қызметін жетілдіру бағыттарын айқындауға және Қазақстан ЖОО-ларының назарын ұсынылған ұсынымдарға аударуға мүмкіндік береді. Бұл ұсынымдарды іске асыру жекелеген ЖОО-лардың ғана емес, бүкіл ел жоғары білім жүйесінің білім беру қызметінің сапасына әсер етуге мүмкіндік береді.

2022 ж. мамандандырылған аккредиттеудің СЭК есептеріне мониторинг **376** білім беру бағдарламасы бойынша жүргізілді. **26** қазақстандық ЖОО-ның СЭК есептерінде ұсынылған ұсынымдар олардың қызметін әрбір стандарт бойынша бағалауды жинақтауға және одан әрі даму бойынша ұсыныстар беруге мүмкіндік берді. Білім беру бағдарламаларының сапасын бағалауды IAAR ESG стандарттарына сәйкес келетін ЖОО білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу Стандарттары мен Басшылықтары негізінде жүзеге асырды.

Жүргізілген талдауға сәйкес **380** білім беру бағдарламасының **2** бағдарламасы **7 жылға**, **299** — **5 жылға**, **66** бағдарлама — **3 жылға** және **5** бағдарлама **1 жыл** мерзімге аккредиттелді. **1** білім беру бағдарламасы аккредиттелмеді. Аккредиттелген білім беру бағдарламаларының жалпы санынан **31** қайта аккредиттелді: **30** бағдарлама — **5 жылға**, **1** бағдарлама — **1 жылға**. Сондай-ақ IAAR **147** білім беру бағдарламасына бастапқы (ex-ante) аккредиттеу жүргізді, олардан **5 жылға** — **112 ББ**, **3 жылға** — **31 ББ** және **1 жылға** — **4 ББ** аккредиттелді.

Кері байланыс тетіктерін жетілдіру мақсатында «2022 жыл үшін IAAR сарапшыларына сауалнама нәтижелері бойынша аналитикалық анықтама» және «Аналитикалық анықтама: 2022 жылы IAAR аккредиттеген білім беру ұйымдарына сауалнама» дайындалды.

Аналитикалық анықтамалар білім беру ұйымдарын халықаралық аккредиттеу жүргізуге қатысқан **268** IAAR сарапшысына сауалнама және 2022 жылы IAAR халықаралық институционалдық және/немесе

мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу рәсімінен өткен **47** білім беру ұйымына сауалнама нәтижелері негізінде дайындалды.

Жүргізілген талдауға сәйкес IAAR сыртқы бағалау рәсімі жоғары деңгейде ұйымдастырылған және заманауи талаптарға сәйкес келеді. Көптеген сарапшыларды жетекші халықаралық аккредиттеу агенттігінде жұмыс істеу және басқа ЖОО-лардың әріптестерімен тәжірибе алмасу мүмкіндігі қызықтырады. Сарапшылар оқытуға және жаңа дағдылар, кәсіби құзыреттер алуға мүдделі.

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес сарапшылар СЭК сапарын гибридті форматта жүргізуге бейімделді және халықаралық аккредиттеу рәсімін жүргізудің бұл форматы неғұрлым ыңғайлы екенін атап өтеді. Сарапшылардың **97%-ы** IAAR үйлестірушілерінің жұмысын оң және жоғары бағалады. Жүргізілген мониторинг көрсеткендей, сарапшылардың **98%-ы** СЭК мүшелерінің үйлесімді алқалы жұмысын, жайлы жағдайды және IAAR Төрағалары мен үйлестірушілерінің тұрақты қолдауын атап өтеді.

2022 жыл үшін сарапшыларға сауалнаманы бағалау мен талдау нәтижелері бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

- Бірлескен білім беру бағдарламаларын бағалау жөніндегі стандарттардағы кейбір критерийлерді қайта тұжырымдау.
- Мүмкіндігінше халықаралық аккредиттеу рәсімін гибридті форматта ұйымдастыру және жүргізу.
- Медициналық бағыттағы сарапшылар үшін жеке оқыту семинарларын өткізу тәжірибесін жалғастыру.

2023 жылы 2021–2022 жылдар үшін Қырғыз Республикасы ЖОО-ларында сапаны қамтамасыз ету жөніндегі қызмет аналитикасы дайындалды. Осы кезеңде IAAR халықаралық аккредиттеуінен **6** ЖОО және **21** білім беру бағдарламасы өтті. Сондай-ақ Қырғыз Республикасы ЖОО-ларының 2022 жылғы Тәуелсіз рейтингі бойынша аналитика ұсынылды: Рейтингке қатысқан ЖОО-лар қызметіндегі өзгерістер көрсетілді. IAAR **261** білім беру бағдарламасын ранжирлеуді жүргізді, бұл алдыңғы кезеңмен салыстырғанда **12%-ға** көп.

ENQA ұсынымдары шеңберінде «Жоғары оқу орындарындағы студентке бағдарланған оқытуды талдау және бағалау» дайындалды. Аналитикалық анықтамада студентке бағдарланған тәсілдің ерекшеліктері, оның мақсаты мен қағидаттары сипатталған, артықшылықтары мен болжанатын күтілімдер зерделенген. IAAR оқытушыларына, студенттері мен сарапшыларына

сауалнаманы талдау нәтижесінде студентке бағдарланған оқытуды одан әрі жақсарту мен дамыту жөніндегі ұсынымдар ұсынылды, сыртқы бағалаудың Қазақстан ЖОО-ларында студентке бағдарланған оқытуды дамытуға әсеріне баға берілді.

2023 жылы «ҚР ЖОО-ларының академиялық еркіндігін, басқарушылық және қаржылық дербестігін дамытуды талдау» да ұсынылды. Жоғары оқу орындарының қызметін және ел білім беру бағдарламаларын іске асыруды талдау нәтижесінде академиялық еркіндіктің қалыптасу және даму кезеңдері ұсынылды және жіктеме берілді. Ел ЖОО-ларының академиялық және басқарушылық дербестігін енгізу тетіктері зерделенді, жүйеленді және ашылды, жоғары білім жүйесінің жай-күйіне және академиялық еркіндіктің білім беру қызметтерінің сапасын арттыруға әсеріне баға берілді.

Барлық аналитикалық есептер стейкхолдерлер мен кең жұртшылыққа білім беру ұйымдарында сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін дамытуға ықпал ететін талдау нәтижелері туралы ақпаратқа ашық қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында IAAR сайтында орналастырылған. Барлық сауалнама түрлерін талдау нәтижелері Сараптама кеңестерінің қарауына шығарылады және ұсынымдар түрінде шешім қабылдау үшін Бас директорға ұсынылады. IAAR-дың жыл сайынғы қызмет туралы есебі IAAR қызметінің барлық бағыттары бойынша ақпаратты қамтиды және Бақылау кеңесіне ұсынылады. IAAR Стратегиясын іске асырудың 2023 жылға арналған жоспарына сәйкес білім беру және ғылым саласындағы уәкілетті орган үшін IAAR қызметі туралы есеп дайындалды. Білім беру сапасын қамтамасыз ету шеңберінде IAAR-дың Қырғыз Республикасы мен Тәжікстан Республикасы аумағындағы қызметі туралы жыл сайынғы есеп әзірленіп, жарияланады. 15 маусымға, 30 желтоқсанға дейін Қырғыз Республикасының Білім және ғылым министрлігіне «Аккредиттелген ұйымдар мен бағдарламалар тіркелімі» есептілік нысанына сәйкес аккредиттелген білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларының тізбесі дайындалады және ұсынылады. IAAR-дың Қырғыз Республикасы ЖОО-ларында сапа мәдениетін ілгерілету жөніндегі 2023 жылғы қызметі туралы есеп дайындалып, 2023 жылдың қарашасында Қырғыз Білім және ғылым министрлігіне және Ұлттық аккредиттеу кеңесіне жіберілді. Агенттік үшін IAAR-дың Қырғыз Республикасы аумағындағы қызметі туралы есепті кейіннен жариялау міндетті болып табылады.

2023 жылы IAAR аккредиттеу қызметіне жүргізілген мониторинг және халықаралық мамандандырылған аккредиттеу жүргізу процесінде ЖОО-лар қызметінің жай-күйін бағалау ЖОО-лар қызметінің, іске асырылатын білім беру бағдарламаларының болашағы бар бағыттарын айқындауға мүмкіндік

береді, ал ұсынылған ұсынымдарды іске асыру жекелеген ЖОО-лардың да, тұтастай жоғары білім жүйесінің де қызмет сапасына оң әсер етеді. IAAR аналитикалық қызметі арқылы білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы үздік тәжірибені жинақтау мен даму тенденцияларын айқындау нәтижелерін ұлттық және халықаралық деңгейдегі мүдделі стейкхолдерлер пайдаланады.

IAAR сайтында жүйелі негізде ақпараттық және аналитикалық материалдар, оның ішінде тақырыптық талдау, білім беру ұйымдарында сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін дамыту бойынша жарияланады. IAAR Даму стратегиясын іске асыру жоспарына сәйкес жүйелі негізде білім беру ұйымдарын және (немесе) білім беру бағдарламаларын бағалау қорытындысы бойынша СЭК есептерінің IAAR веб-сайтында жариялануын қамтамасыз ету жұмысы жүргізіледі. Жоғарыда көрсетілген барлық аналитикалық материалдар мен есептер кең жұртшылыққа ақпаратқа ашық қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында IAAR сайтында орналастырылған: <http://iaar.kz/en/about/iaar-reports/analytical-reports>

Осылайша, Агенттіктің бизнес-процестеріне жүйелі талдау жүргізу, негізгі стейкхолдерлермен тұрақты кері байланысты қолдау, оның тетіктерін жетілдіру, өз қызметі туралы ашық және анық ақпарат беру ұжымға халықаралық аккредиттеу агенттігі ретінде өз қызметінің жоғары сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін және олардың халықаралық білім беру кеңістігінде танылуын арттыру мақсатында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында рейтингтік зерттеулер жүргізу

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы рейтингтік зерттеулердің сапасын арттыру мен шеңберін кеңейтуді қамтамасыз ету

IAAR қызметінің жетекші бағыттарының бірі рейтингтік зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу болып табылады. IAAR жыл сайын жүргізетін рейтингтік зерттеулер халықаралық стандарттарға бағдарланған және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін дамытуға бағытталған. IAAR рейтингтік зерттеулерді Қазақстан Республикасында 2014 жылдан бастап, Қырғыз Республикасында 2018 жылдан бастап және халықаралық IAAR EUR рейтингін 2020 жылдан бастап жүргізеді. IAAR рейтингтік жүйесі 2020 жылы әдіснаманың Берлин қағидаттарына сәйкестігінің растамасын және

«IREG Approved» танылуын алды (<https://ireg-observatory.org/en/initiatives/ranking-seal-of-approval/>). IAAR Жарғысына сәйкес рейтингтік зерттеулер аккредиттеу процесінен тәуелсіз жүргізіледі және оның нәтижелеріне әсер етпейді, БҰ мен ББ-ны ранжирлеу әдіснамасына сәйкес іске асырылады (<https://iaar.agency/rating/1/0/2020>).

Білім беру сапасының деңгейін айқындау үшін Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі жоғары оқу орындарына рейтингтік зерттеулер жүргізеді: «Қазақстан Республикасы ЖОО-ларының сұранысқа ие болуының тәуелсіз рейтингі», «Қырғыз Республикасы ЖОО-ларының тәуелсіз рейтингі», «IAAR Eurasian University Ranking (IAAR EUR)» халықаралық рейтингі.

2023 жылы рейтингтер жүргізу кезінде белгілі бір қиындықтар байқалды, атап айтқанда, рейтингтерге қатысушылар санының азаюы, бұл Қазақстан Республикасында Ғылым және жоғары білім министрлігінің Рейтингін енгізумен, сондай-ақ Ресей мен Украина арасындағы әскери-саяси қақтығыстың жалғасуына байланысты Халықаралық рейтингтегі РФ мен Украина ЖОО-ларының жалпы санының азаюымен, сондай-ақ ЖОО-лардың басқа халықаралық (әлемдік) рейтингтерге көбірек бағдарлануымен байланысты.

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR) 10 жыл бойы **«Қазақстан Республикасы ЖОО-ларының сұранысқа ие болуының тәуелсіз рейтингін»** жүргізеді. IAAR Рейтингі 2014 жылдан бастап Қазақстан Республикасы ЖОО-ларының объективті және уақыт сынынан өткен рейтингтерінің бірі болып табылады.

IAAR жоғары оқу орындарын бағалаудың меншікті әдістемесін әзірледі, ол аудиттен өтіп, IREG (Observatory on Academic Ranking and Excellence) мақұлдады және ранжирлеудің цифрлық платформасын енгізді. IAAR ЖОО-ларды институционалдық ранжирлеуді жүзеге асырады және барлық мүдделі стейкхолдерлерге білім беру бағдарламаларының топтары мен бағыттары бойынша рейтинг ұсынады. IAAR Рейтингін жүргізу әдіснамасының ерекшелігі ЖОО өз жетістіктері туралы ақпаратты өз бетінше енгізуі болып табылады. Деректерді толтырудың дұрыстығы мен ЖОО ұсынатын ақпараттың толықтығына Рейтингтегі позиция байланысты.

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын бағалау 5 негізгі критерий бойынша жүргізіледі:

- оқытушылар құрамының сапасы және беделді академиялық марапаттар алған оқытушылар (15%);

- зерттеу жұмыстарын, әлемдік журналдардағы жарияланымдарды, академиялық ортаға әсерді және ғылыми жұмыстардың дәйексөзделуін қоса алғанда, ғылыми-зерттеу әлеуеті (**25%**);
- студенттер мен ПОҚ-тың интернационалдануы мен академиялық ұтқырлығы (**25%**);
- дарынды студенттерді, магистранттарды, докторанттарды тарту деңгейі (**25%**);
- түлектердің жұмысқа орналасу және еңбек нарығында сұранысқа ие болу көрсеткіштері (**10%**).

«ҚР ЖОО-ларының сұранысқа ие болуының тәуелсіз рейтингі – 2023-ке» көппрофильді, техникалық, гуманитарлық-экономикалық, медициналық және педагогикалық бағыттағы ЖОО-лар, сондай-ақ өнер ЖОО-лары қатысты, **1600-ден** астам білім беру бағдарламасы рәңжіріленді.

2023 жыл Рейтингінің нәтижелерін талдау негізінде ҚР ЖОО-ларына ғылыми әлеуетті одан әрі дамытуға ерекше назар аудару керек. ЖОО ПОҚ-тың жарияланымдық белсенділігі өткен 2022 жылмен салыстырғанда небәрі **7%-ға** артты. Қазақстандық ғалымдар ғылыми еңбектерінің индекстелуінің жоғары көрсеткіштерін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті көрсетті.

IAAR Рейтингі нәтижелерінің мониторингі өткен жылмен салыстырғанда бірлескен білім беру бағдарламаларының саны бойынша **22%-ға** оң өсу динамикасы байқалатынын көрсетті. «Академиялық ұтқырлық» индикаторы бойынша бұл көрсеткіш **15%-ға** артты. Академиялық ұтқырлық бағдарламаларына белсенді қатысу әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті сияқты ЖОО-ларда байқалады.

Қазақстан Республикасы ЖОО-ларының сұранысқа ие болуының тәуелсіз рейтингінің қорытындысы бойынша рейтинг кестесін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (**375132** балл) бастап тұр. Жинаған балл саны бойынша көшбасшылар да болды:

- Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (**256734** балл),
- С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (**135122** балл),
- Е. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (**95168** балл),
- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (**92214** балл),

– Алматы технологиялық университеті (69928 балл).

ҚР ЖОО-ларының сұранысқа ие болуының тәуелсіз рейтингі – 2023 түлектерге, академиялық қауымдастыққа, ата-аналарға және басқа да мүдделі тұлғаларға ұсынады:

- Қазақстан Республикасы ЖОО-ларының «ТОП-20» бас рейтингі – 2023.
- Қазақстан Республикасы ЖОО-ларының бакалавриаттың білім беру бағдарламалары салалары бойынша институционалдық рейтингі – 2023.
- ЖОО-лардың магистратураның білім беру бағдарламалары салалары бойынша институционалдық рейтингі – 2023.
- ЖОО-лардың докторантураның білім беру бағдарламалары салалары бойынша институционалдық рейтингі – 2023.
- Қазақстан Республикасы ЖОО-ларының бакалавриаттың білім беру бағдарламалары топтары бойынша рейтингі.
- Қазақстан Республикасы ЖОО-ларының магистратураның білім беру бағдарламалары топтары бойынша рейтингі.
- Қазақстан Республикасы ЖОО-ларының докторантураның білім беру бағдарламалары топтары бойынша рейтингі.
- Қазақстан Республикасы профессор-оқытушылар құрамының «Топ-50» бас рейтингі.

Қазақстан Республикасы ЖОО-ларының сұранысқа ие болуының тәуелсіз рейтингі білім беру қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне ықпал етеді және жұртшылықты білім беру сапасы мен білім беру бағдарламаларының деңгейі, ЖОО ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелілігі және оқытушылардың кәсібилігі туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта Қырғыз Республикасы ЖОО-лары үшін маңызды стратегиялық міндет ретінде білім мен ІТ-технологияларды және трансұлттық білім беруді дамытуды талап ететін оқыту мен білім берудің жаңа стандарттарын енгізуді көздейтін парадигманы өзгерту болып табылады.

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі 2018 жылдан бастап «Қырғыз Республикасы ЖОО-ларының тәуелсіз рейтингін» жүргізеді. Қырғыз Республикасы ЖОО-ларының рейтингі – 2023 білім беруді дамытудың заманауи халықаралық тенденцияларын көрсетеді және ЖОО-лар қызметін ашық және объективті бағалаудың маңызды құралы болып қызмет етеді, ал көпөлшемді ранжирлеудің кешенді тәсілі студенттердің, ғылыми қауымдастықтың, бизнес пен жұмыс берушілердің мүдделерін ескереді. IAAR

Рейтингі білім беру жүйесін жетілдіруге оң әсер етеді және дамудың қажетті тенденцияларын көруге мүмкіндік береді.

Қырғыз Республикасы ЖОО-ларының тәуелсіз рейтингі – 2023-те мамандарды даярлаудың барлық бағыттары бойынша **224** білім беру бағдарламасын ранжирлеу жүргізілді. Ранжирленетін білім беру бағдарламаларының саны бойынша көшбасшылардың бестігіне Ош мемлекеттік университеті, И. Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті, К. Скрябин атындағы Қырғыз ұлттық аграрлық университеті және К. Карасаев атындағы Бішкек мемлекеттік университеті кірді.

Білім беру бағдарламаларын ранжирлеу нәтижелерін талдау білім берудің интернационалдануы мен академиялық ұтқырлықтың өсу динамикасы байқалатынын көрсетеді, 2022 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш **5%-ға** өсті. Қырғыз Республикасы ЖОО-ларындағы білім берудің интернационалдануы «Академиялық ұтқырлық» индикаторын бағалауға сәйкес И.К. Ахунбаев атындағы Қырғыз мемлекеттік медициналық академиясында және Ош мемлекеттік университетінде кеңінен дамыды.

Рейтинг нәтижелері бойынша Қырғызстан ЖОО-лары ПОҚ-тың жарияланымдық белсенділігі өсу динамикасын көрсетеді. Индекстелетін ғылыми журналдардағы ғылыми жарияланымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру И. Ахунбаев атындағы Қырғыз мемлекеттік медициналық академиясында, Ош мемлекеттік университетінде, «Ала-Тоо» халықаралық университетінде, И. Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университетінде байқалады. Дәйексөзделу деңгейінің артуы ғылыми еңбектер нәтижелерінің сұранысқа ие болуын және жоғары оқу орындары зерттеулерінің тиімділігін айғақтайды.

Жоғары оқу орындары қызметінің маңызды көрсеткіші түлектердің жұмысқа орналасуы және олардың еңбек нарығында сұранысқа ие болуы болып табылады. Қырғыз Республикасы ЖОО-ларының тәуелсіз рейтингінің нәтижелеріне сәйкес жұмысқа орналасудың жоғары пайызы И. Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университетінде, академик К. Карасаев атындағы Бішкек мемлекеттік университетінде, М. Адышев атындағы Ош технологиялық университетінде байқалады.

Қырғыз Республикасы ЖОО-ларының тәуелсіз рейтингі – 2023-те жинаған балл саны бойынша көшбасшы-университеттер Ош мемлекеттік университеті, И. Ахунбаев атындағы Қырғыз мемлекеттік медициналық академиясы, И. Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық

университеті, Адышев атындағы Ош технологиялық университеті, К. Скрябин атындағы Қырғыз ұлттық аграрлық университеті, Б. Осмонов атындағы Жалал-Абад мемлекеттік университеті болды.

«Қырғыз Республикасы ЖОО-ларының тәуелсіз рейтингі – 2023» нәтижелері ЖОО-лардың сапасын қамтамасыз ету мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, университеттердің білім беру нарығындағы позицияларын нығайтудың, дарынды талапкерлерді тартудың және білім беру қызметтерінің экспортын кеңейтудің негізі болып табылады.

2020 жылдан бастап «IAAR Eurasian University Ranking (IAAR-EUR)» халықаралық Рейтингіне Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Украина, Беларусь Республикасы, Әзербайжан Республикасы, Тәжікстан Республикасы сияқты елдердің ЖОО-лары қатысады. «IAAR Eurasian University Ranking (IAAR-EUR)» 2023 халықаралық Рейтингінің нәтижелері бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бірінші орынды сенімді ұстап тұр. Жинаған балл саны бойынша көшбасшылар Ресей Федерациясы Үкіметінің жанындағы Қаржы университеті, Ош мемлекеттік университеті, Тәжік ұлттық университеті және Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті де болды.

IAAR EUR халықаралық Рейтингінің мынадай номинациялары берілді:

Номинация	Университет
«IAAR EUR Worldwide recognition» Award	Ресей биотехнологиялық университеті (РОСБИОТЕХ)
«IAAR EUR Quality Star» Award	Тәжік ұлттық университеті; Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«IAAR EUR Medical University» Award	Абуали ибн Сино атындағы Тәжік мемлекеттік медициналық университеті; Гомель мемлекеттік медициналық университеті
«IAAR EUR Technical University» Award	Алматы технологиялық университеті; Орал мемлекеттік қатынас жолдары университеті; Қарағанды индустриялық университеті
«IAAR EUR Multidisciplinary University» Award	Кемерово мемлекеттік университеті

«IAAR EUR Agricultural University» Award	С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
«IAAR EUR Art and Culture University» Award	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы; Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
«IAAR EUR Humanities Science» Award	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті; Бекмамат Осмонов атындағы Жалал-Абад мемлекеттік университеті

IAAR Рейтингі нәтижелерінің мониторингі өткен жылмен салыстырғанда барлық ранжирленетін оқу орындарында көрсеткіштердің айтарлықтай оң өсу динамикасы байқалатынын көрсетті. Мысалы, «Ғылыми жобаларды коммерцияландыру» индикаторы бойынша бұл көрсеткіш **17%-ға** артты. Гранттық қаржыландырудың ең жоғары көрсеткіштері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және Ош мемлекеттік университеті сияқты ЖОО-ларда байқалады.

Ең жоғары ғылыми әлеует Қазақстан, Ресей Федерациясы және Қырғыз Республикасының ЖОО-ларында байқалады. Бұл көрсеткіш тұтастай алғанда **9%-дан** астам өсу динамикасын көрсетті.

Жоғары білімнің ұлттық жүйесін терең түсіну, сондай-ақ сектор мен халықаралық деңгейдегі проблемаларды түсіну ранжирлеуді объективті жүргізуге мүмкіндік берді.

IAAR Рейтингтерінің нәтижелері республикалық «Қазақстанская правда» газетінде, Қырғыз Республикасының қоғамдық-білім беру «Кутбилим» газетінде, www.iaar.agency және ЖОО сайттарында жарияланды. Сондай-ақ Рейтинг қорытындысы «Education Quality. Assurance» журналында орналастырылды.

Осылайша, IAAR кадрларды даярлау деңгейлері мен бағыттары бойынша іске асырылатын білім беру бағдарламаларының сапасын бағалауға да, оларды жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы ұлттық және халықаралық тенденцияларға сәйкес дамытуға да бағытталған ЖОО-лардың түрлі рейтингтерін Қазақстан Республикасы мен «IAAR Eurasian University Ranking (IAAR-EUR)» рейтингіне қатысушы мемлекеттердің ЖОО-лары

көрсететін білім беру қызметтерінің сапасы туралы кең жұртшылық пен мүдделі тұлғаларды хабардар ету мақсатында жүргізеді. Алайда 2023 жылы IAAR Агенттіктің Даму стратегиясының «Қазақстан Республикасында мамандарды даярлау бағыттары мен деңгейлері бойынша IAAR тәуелсіз рейтингіне қатысқан білім беру ұйымдарының саны», «IAAR Рейтингіне қатысуға ұсынылған ЖОО-лардың білім беру бағдарламаларының саны», «IAAR EUR халықаралық рейтингіне қатысқан білім беру ұйымдарының саны» және т.б. көрсеткіштеріне қол жеткізбегенін атап өткен жөн, бұл Ресей мен Украинадағы әскери-саяси жағдайдың шиеленісуімен, FЖБМ ҚР рейтингін практикаға енгізумен және т.б. түсіндіріледі.

Ашықтық пен дәйектілік қағидаттарын іске асыру негізінде білім беру ұйымдары қызметінің сапасын бағалау нәтижелері туралы қоғамды уақытылы хабардар ету және кері байланысты дамыту

Білім беру бағдарламалары мен білім беру және ғылым ұйымдары қызметінің сапасын бағалау нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар ету деңгейін арттыру

БҰ/ББ сыртқы бағалау нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар ету мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі: IAAR сайтында СЭК есептері мен АҚ шешімдерін жариялау; семинарлар, семинар-тренингтер, онлайн-конференциялар, «дөңгелек үстелдер» және сапаны қамтамасыз ету жөніндегі жыл сайынғы Орталық Азия форумын өткізу; диалогтық алаңдар мен ЖОО-ларға қатысу; халықаралық желілер мен шетелдік серіктестер өткізетін конференциялар мен форумдарға қатысу; IAAR-дың сыртқы бағалауының тиімділігі туралы материалдарды «Education. Quality Assurance» ғылыми-ақпараттық журналында жариялау; БАҚ-та, ғылыми басылымдарда сөз сөйлеу, сұхбат беру және жариялау; IAAR сайтында ақпарат пен жаңалықтар лентасын жариялау.

IAAR қоғамды хабардар ету мүддесінде сайтта Агенттік қызметінің барлық негізгі бағыттары, нормативтік құжаттардағы, сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесіндегі өзгерістер және т.б. туралы ақпаратты орналастырады. Тұрақты негізде аккредиттелген БҰ/ББ тіркелімін толықтыру, өткізілген іс-шаралар туралы ақпаратты сайтта орналастыру, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы аккредиттеу рәсімі бойынша ақпаратты жаңарту жұмысы жүргізіледі. IAAR қызметінің нәтижелері аккредиттеудің барлық процестері мен рәсімдерін қамтитын жыл сайынғы аналитикалық есептерде де көрсетіледі. Барлық мүдделі тараптарды институционалдық және бағдарламалық аккредиттеудің жаңартылған стандарттары мен

басшылықтарының күшіне енгізілгені туралы Агенттік сайты, ақпараттық хаттар тарату және басқа да хабардар ету арналары арқылы тұрақты негізде хабардар ету жүзеге асырылады. IAAR-дың халықаралық аккредиттеу мен рейтингтер жүргізу жөніндегі қызметі туралы ақпарат әлеуметтік желілерде, ұлттық және шетелдік БАҚ-та, мемлекеттік билік органдарының, ҚР және шетел мемлекеттері университеттерінің, халықаралық ұйымдардың ресми ресурстарында көрсетіледі, бұл олардың Агенттік қызметіне деген сенімін, оның жоғары беделі мен Қазақстанда да, шетелде де танылуын айғақтайды.

«Сыртқы сараптама комиссиясының жұмыс қорытындысы мен Аккредиттеу кеңесі отырыстарының нәтижелері туралы Агенттік сайты арқылы тұрақты хабардар ету» міндетін іске асыру шеңберінде 2023 жылы IAAR өкілдерінің қатысуымен өткен шетелдік іс-шаралар туралы ақпаратты, IAAR сайты үшін шетелдік серіктестер туралы (кіммен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылғаны туралы) ақпаратты және IAAR-дың халықаралық жобаларға, оның ішінде Erasmus+ бағдарламасы бойынша жобаларға қатысуы туралы ақпаратты жариялау қамтамасыз етілді.

IAAR сайтында отандық және шетелдік білім беру ұйымдарын халықаралық аккредиттеу нәтижелері туралы ақпарат, оның ішінде СЭК есептері, СЭК мүшелерінің тізімі және IAAR Тіркелімі үшін басқа да құжаттар тұрақты орналастырылды. Барлық есептер мен материалдар 2023 жылы БҰ аккредиттеу нәтижелері бойынша DEQAR базасына жүктелді.

2023 жылы халықаралық желілер мен серіктестердің анонстарына тұрақты мониторинг жүргізілді. Серіктестердің Newsletters мониторингі жүзеге асырылды және дайындалған материалдар, оның ішінде INQAANE Bulletin, Newsletter CEENQA, APQN Newsletter басылымдарында жарияланды.

2023 жыл ішінде www.iaar.agency сайтын қолдау мен жетілдіру және оны Еуропалық DEQAR базасымен, Азия-Тынық мұхиты DAQAR базасымен интеграциялау бойынша жұмыс жүргізілді.

«Education. Quality Assurance» ғылыми-ақпараттық журналы. Білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы үздік отандық және әлемдік тәжірибені жариялау мақсатында IAAR «Education. Quality Assurance» ғылыми-ақпараттық журналын шығарады. Журнал білім беру сапасын арттырудағы заманауи тәсілдер мен әлемдік трендтерді талқылау, халықаралық агенттіктер мен желілердің шетелдік өкілдерімен сұхбаттасу, білім берудің ұлттық жүйелерін дамытудың негізгі тенденциялары мен шетел елдерінің үздік тәжірибесі туралы өзекті мақалаларды жариялау үшін тиімді алаң ретінде қызмет етеді.

Журналдың кезеңділігі — жылына 4 рет, журналдағы мақалалар 3 тілде (қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде) жарияланады. Журнал ҚР-да ғана емес, шетелде де таратылады. «Education. Quality Assurance» журналының жеке сайты бар: <http://iaar-education.kz>, онда журналдар электрондық форматта еркін қол жеткізуде орналастырылған, бұл IAAR-ға ақпараттық өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді.

2023 жыл ішінде «Education. Quality Assurance» журналының 4 нөмірі шығарылды. Журналдың міндеттерінің бірі — Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдар Тізбесіне үш негізгі бағыт бойынша: заң, педагогикалық және экономикалық ғылымдар бойынша ену. Осыған байланысты 2022 жылғы 4-нөмірден бастап журнал құрылымы тиісті бөлімдерден тұрады. Жыл ішінде **41** мақала жарияланды, олардан заң ғылымдары бойынша — **13**, экономика ғылымдары бойынша — **13** және педагогика ғылымдары бойынша — **15**. Журналдағы мақалалардың жалпы санынан **27** қазақстандық авторлармен, **7** — шетелдік және **7** — бірлесіп жарияланды. Шетелдік авторлардың мақалалары: Ресей Федерациясынан — **4**, Қырғыз Республикасынан — **1**, Тәжікстан Республикасынан — **1**, Өзбекстан Республикасынан — **1**. Қазақстандық және шетелдік авторлардың бірлескен мақалалары: Ресей Федерациясымен — **5**, Малайзиямен — **1** және Словакиямен — **1**.

2023 жылы Ғылыми электрондық кітапханамен (ҒЭК) жасалған шартқа сәйкес www.elibrary.ru сайтында «Ғылыми дәйексөздеудің ресейлік индексі» (РИНЦ) мамандандырылған ақпараттық жүйесінде «Education. Quality Assurance» журналының есепті жылдағы барлық шығарылымдары орналастырылды.

2023 жыл ішінде журналды ҒЖБМ ҚР ҒЖБССҚК ғылыми қызмет нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар Тізбесіне енгізу үшін құжаттар пакетін дайындау бойынша жұмыс жүргізілді.

2023 жылы вебинарлар, семинарлар, workshop, конференциялар мен форумдар ұйымдастыру арқылы агенттіктің білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі қызметінің нәтижелері мен маңыздылығына жұртшылық назарын кеңінен аудару бойынша жұмыс жүргізілді, олар туралы ақпарат IAAR сайтында жаңалықтар лентасында жарияланады.

Агенттік қызметінде маңызды орынды сапаны қамтамасыз ету жөніндегі жыл сайынғы Форумды өткізу алады. 2023 жылғы 6–7 қазанда **«Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі VII Орталық Азия халықаралық**

форумы: «Білім берудің тұрақты болашағы — сапа мен бәсекеге қабілеттілік: шындық пен басымдықтар» (Астана қ.) өтті. Халықаралық Форум жұмысына 300-ден астам адам қатысты, олардың қатарында мемлекеттік органдардың, жоғары білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық желілердің өкілдері, Қазақстан, Ресей, Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Молдова және басқа да елдердің жоғары оқу орындарының басшылары болды. Халықаралық Форум шеңберінде «Білім беру жүйесін дамытудың жаһандық сын-қатерлері мен трендтері», «Цифрлық трансформация жағдайында ғылыми және білім беру модельдері мен технологияларын дамыту» және «Медициналық білім беру сапасын қамтамасыз ету» панельдік сессияларында негізгі мәселелер талқыланды:

- жаһандық өзгерістер жағдайында жоғары білім сапасын қамтамасыз ету жүйесін және тәуелсіз аккредиттеуді дамыту;
- сапа мәдениетін ілгерілетуге және кәсіби қауымдастықты қалыптастыруға ықпал ететін халықаралық желілермен, агенттіктермен, ЖОО-лармен ынтымақтастықты кеңейту;
- білім беру, білім беру бағдарламалары сапасын және білім алушыларды әлемдік стандарттар бойынша даярлау траекторияларын арттыру және академиялық қауымдастық пен халықаралық еңбек нарығының сындарлы өзара әрекеттестігі.

Халықаралық Форумды өткізу цифрлық трансформация жағдайында тиімді білім беру жүйесін құру жөніндегі үздік тәжірибемен алмасуға, заманның өзекті сын-қатерлерін талқылауға және Орталық Азия мен Еуропа елдерінің ЖОО-ларында білім беру сапасын арттыру жолдарын белгілеуге мүмкіндік берді.

IAAR — танылған халықаралық аккредиттеу агенттігі

2022–2026 жылдарға арналған Даму стратегиясында белгіленген IAAR миссиясы мен пайымын іске асырудың негізгі міндеттерінің бірі IAAR-ды ұлттық, еуропалық және халықаралық деңгейлерде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі сенімді серіктес ретінде тану болып табылады. Бұл стратегиялық міндет IAAR-дың халықаралық алаңдағы белсенді ұстанымы, еуропалық сапа стандарттарына адалдығы, үздік шетелдік тәжірибені зерделеу мен енгізу арқылы іске асырылады.

IAAR-дың халықаралық танылуы мен беделін нығайту және кеңейту

2023 жылы IAAR қызметінің басым бағыттарының бірі сенімді халықаралық сапаны қамтамасыз ету органы болып қалуға ұмтылысты қолдай

отырып, халықаралық ынтымақтастықты және Агенттіктің халықаралық желілердегі өкілдігін кеңейту болды. Агенттік жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі танылған әлемдік агенттіктермен 26 серіктес ұйыммен қол қойылған екіжақты ынтымақтастық туралы келісімдерге (меморандумдарға) сәйкес өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту бойынша мақсатты жұмыс жүргізді. 2023 жыл ішінде қол қойылған келісімдер шеңберінде қажеттілігіне қарай ақпарат алмасу, сапаны қамтамасыз ету жөніндегі өзекті материалдармен алмасу, желілердің іс-шараларына қатысу, мүшелік жарналардың уақытылы төленуін бақылау, желілермен өзара әрекеттестік бойынша барлық пошталық хат-хабарларға мониторинг жүргізілді.

IAAR қызметкерлерінің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі APQN, INQAANE, WFME, IREG, ENQA, CEENQA желілері ұйымдастырған халықаралық іс-шараларға қатысуын қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды.

Бас директор Жұмағұлова Алина Бақытжанқызы және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі директордың орынбасары Қанапьянов Тимур Ерболатұлы 2023 жылғы 19–21 сәуірде Тбилиси қаласында өткен «Еуропалық жоғары білім кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету: саясат пен тәжірибенің байланысы» тақырыбындағы ENQA мүшелерінің Форумына қатысты. Форумның тең ұйымдастырушысы Грузияның Білім беру сапасын арттыру ұлттық орталығы (NCEQE) болды. Форумда «Сапаны қамтамасыз ету: ол болашаққа жарай ма? QA-FIT жобасының аралық нәтижелеріне сәйкес агенттіктер тарапынан көзқарас», «Сапаны қамтамасыз ету және ғылыми зерттеулер», «Цифрлық трансформация және сапаны бағалау рәсімдерін жетілдіру», «Еуропалық жоғары білім кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету: стейкхолдерлер көзқарасы», «Болашаққа көзқарас: жоғары білімнің перспективалық мәселелері» сияқты өзекті мәселелер талқыланды. Форумға еуропалық жоғары білім кеңістігінің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі 80-нен астам агенттігінен 105 делегат қатысты.

2023 жылғы 8 желтоқсанда Яновская О.А. және Қанапьянов Т.Е. Алматы қаласында өткен «Орталық Азия — Еуроодақ: мамандарды даярлау сапасын арттыру саласындағы ынтымақтастықтың перспективалық бағыттары» халықаралық конференциясының жұмысына қатысты, оның шеңберінде Инженерлік білім беруді аккредиттеудің еуропалық желісінің (ENAEЕ) президенті Жозе Квадрадомен және ENGINEERS EUROPE Бас хатшысы Дирк Бочармен кездесу өтті.

2023 жылы халықаралық ынтымақтастық жөніндегі бас директордың орынбасары Қанапьянов Т.Е. APQN Директорлар кеңесінде IAAR мүдделерін білдіруін жалғастырды. Қанапьянов Т.Е. APQN Кеңесінің Директоры ретінде APQN-нің 2022–2025 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарын қалыптастыруға белсенді қатысты, «Кәсіби-қоғамдық аккредиттеудің ұлттық орталығын (Нацаккредцентр)» Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Азия-Тынық мұхиты тіркеліміне (APQR) қайта енгізу жөніндегі халықаралық сараптама тобының мүшесі болды. 2023 жылдың басында APQN Жыл сайынғы академиялық конференциясын (AAC) және Бас жиналысын (AGM) 2023 дайындау жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің төрағасы болып сайланды. AAC & AGM 2023 Дакка қаласында (Бангладеш) өткізу кезінде Қанапьянов Т.Е. 2023 жылы APQN Директорлар кеңесінің Бірінші кездесуінде төрағалық етті. APQN 2023 конференциясы кезінде Ашылу салтанатында, пленарлық сөз сөйлеулерде, панельдік сессияларда модератор рөлін атқарып, түрлі талқылаулар мен іс-шараларға белсенді қатысты. Қанапьянов Т.Е. Санкт-Петербургте өтетін AAC & AGM 2024 ұйымдастыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің төрағасы болып сайланды.

Еуропалық деңгейде танылған аккредиттеу агенттіктері, сондай-ақ халықаралық аккредиттеуден сәтті өткен ЖОО-лар туралы әлемдік жұртшылықты кеңінен хабардар ету мақсатында DEQAR жобасы құрылып, дамып келеді. DEQAR Еуропалық тіркелімі еуропалық деңгейде танылған сапаны қамтамасыз ету агенттіктері аккредиттеген білім беру бағдарламалары мен білім беру ұйымдарының тіркелімі болып табылады. Білім беру бағдарламалары мен білім беру ұйымдарын DEQAR-ға енгізу олардың ESG сапаны қамтамасыз ету стандарттарына сәйкестігін растайды және аккредиттелген білім беру бағдарламаларын Еуропалық жоғары білім кеңістігі аумағында тану үшін негіз болып табылады. DEQAR CONNECT Conference туралы толығырақ: <https://www.eqar.eu/about/projects/deqar-connect/conference/agenda/>. IAAR 2020 жылдан бастап DEQAR CONNECT жобасына қатысушы болып табылады. IAAR аккредиттеген барлық білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламалары Жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық тіркелімнің (EQAR) DEQAR деректер базасына енгізіледі.

IAAR WFME танылуын алған ТМД елдерінен шыққан алғашқы ұйым ретінде 2023 жылы халықаралық стандарттарға сәйкес медициналық ұйымдар мен білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредиттеу жүргізу құқығын белсенді іске асырды. WFME талаптарына сәйкес IAAR 2023 жылы 2022 жыл үшін орындау туралы IAAR жыл сайынғы есебін, сондай-ақ WFME

Президенті үшін медициналық білім беру ұйымдарын 2022 жылы аккредиттеу қорытындысы туралы ақпаратты дайындап, жіберді.

IAAR жүйелі негізде Қырғызстан, Тәжікстан, Румыния, Молдова, Өзбекстан және т.б. Уәкілетті органдарға жоғары білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруда қолдау көрсетеді, Болон процесі мен ESG қағидаттарына сәйкес жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің ұлттық жүйесін құру мәселелері бойынша консультациялар жүргізеді.

IAAR Шығыс Еуропа мен Орталық Азия мемлекеттерінің Білім беру министрліктері, қоғамдық бірлестіктер мен университеттер өткізетін білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі түрлі деңгейдегі іс-шаралардың белсенді қатысушысы болып табылады.

Осылайша, IAAR-дың 2023 жылғы халықаралық қызметі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі сенімді серіктес ретінде еуропалық және халықаралық деңгейлерде, оның ішінде халықаралық желілермен және шетелдік агенттіктермен ынтымақтастық пен әріптестікті кеңейту, білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық іс-шараларға белсенді қатысу, тәжірибе мен үздік тәжірибемен алмасу және т.б. арқылы жүзеге асырылды, бұл IAAR-дың халықаралық танылуы мен беделін нығайтуға және кеңейтуге ықпал етті.

Халықаралық қызметтің сапасын арттыру және IAAR жетістіктерін мазмұнды бекіту

2023 жылы Агенттіктің назарында халықаралық қызметтің сапасын арттыру мәселелері болды. Халықаралық позицияларды бекіту және халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында Агенттік қызметкерлері халықаралық желілер мен серіктестердің түрлі іс-шараларына қатысты.

2023 жылғы 2 ақпанда IAAR делегациясы Бас директор Жұмағұлова А.Б. және кеңесші Яновская О.А. құрамында «Білім беру сапасын қамтамасыз ету: жай-күйі, проблемалары мен болашағы» бірінші Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясы шеңберінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитеті отырысына (Минск қ., Беларусь Республикасы) қатысты. Конференцияда білім берудің барлық деңгейінде білім беру сапасын арттыру мәселелері талқыланды, білім беру жүйесінің даму тенденциялары, білім беру сапасын басқару әдістері мен құралдары қаралды, білім беру сапасын қамтамасыз етуге біртұтас тәсілдер әзірленді.

2022 жылы IAAR CEENQA Бас Ассамблеясы 2023 өткізуге өтінім берді, оны CEENQA Кеңесінің мүшелері мақұлдады. 2023 жылдың бірінші

жартысында Агенттік ұжымы Бас директор Жұмағұлова А.Б. басшылығымен IAAR базасында CEENQA Бас Ассамблеясы 2023 дайындау және ұйымдастыру бойынша үлкен жұмыс жүргізді. 2023 жылғы 2–3 маусымда Астана қаласында CEENQA-2023 (Орталық және Шығыс Еуропаның жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету агенттіктерінің желісі) Бас ассамблеясы өтті. Бас директор Алина Жұмағұлова CEENQA-2023 Бас ассамблеясының отырысын ашып, білім беру сапасын қамтамасыз ету және түлектердің еңбек нарығында сұранысқа ие болуын арттыру үшін халықаралық аккредиттеудің маңыздылығы мен мәнін атап өтті. CEENQA-2023 Бас ассамблеясының жұмысына әлемнің түрлі елдерінен — Германия, Австрия, Эстония, Латвия, Литва, Польша, Чехия, Словакия, Венгрия, Румыния, Словения, Хорватия, Босния және Герцеговина, Сербия, Черногория, Албания, Солтүстік Македония, Болгария, Армения, Өзбекстан, Грузия, Қырғызстан, Солтүстік Кипр, Молдова, Түркия және Украинадан еуропалық желілер мен шетелдік білім беру ұйымдары, сондай-ақ жоғары білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық желілер ENQA, EQAR, INQAANE және APQN қатысты. CEENQA-2023 Бас ассамблеясын өткізудің негізгі мақсаты жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің маңызды мәселелерін талқылау, сондай-ақ білім беру жүйелерін трансформациялау саласындағы үздік тәжірибемен алмасу болды, бұл сыртқы бағалау жөніндегі кәсіби қауымдастықтың дамуына ықпал етеді.

Бас Ассамблеяда CEENQA Президенті Франци Демшар өз сөзінде Қазақстан халықаралық білім беру кеңістігіне сәтті интеграцияланғанын және ел жоғары білім жүйесінде ғылыми және білім беру жетістіктерін көрсететінін атап өтті. Бұл ретте CEENQA басшысы сапа мәдениетін ілгерілетуде және білім беру сапасын қамтамасыз етуде аккредиттеу агенттіктерінің негізгі рөлін атап өтті.

CEENQA-2023 Бас ассамблеясы шеңберінде тақырыптық семинарлар, халықаралық workshop және панельдік дискуссия өтті, онда іс-шараға қатысушылар жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің өзекті мәселелерін және оларды шешу жолдарын талқылай алды.

IAAR Бас директоры Жұмағұлова Алина Бақытжанқызының көпжылдық еңбегінің үлесі мен бағасының жоғары халықаралық танылуын оған «Women Leaders in Educational Excellence» — «Білім берудегі әйел-көшбасшы» номинациясының берілуі айғақтайды. Марапаттау 2023 жылғы 6–7 наурызда Дублин қаласында (Ирландия) «Futureland. Next Generation Education» халықаралық конференциясын өткізу кезінде өтті. «Women Leaders in Educational Excellence» марапаты білім беруді дамытуға және сапа мәдениетін

халықаралық деңгейде ілгерілетуге елеулі үлес қосқан әйел-көшбасшылар үшін Халықаралық кәсіптік білім беру және оқыту қауымдастығы / International Vocational Education and Training Association (IVETA) тағайындаған. IAAR Бас директоры Жұмағұлова Алина Бақытжанқызы алған халықаралық марапат — Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі қызметінің жоғары сапасының үлкен жетістігі мен танылуы.

2023 жылы Агенттіктің жұмыс тобы Денсаулық сақтау саласындағы сапа жөніндегі халықаралық қоғам (ISQua) жүзеге асыратын стационарлық типтегі медициналық ұйымдарды аккредиттеудің халықаралық стандарттары мен басшылығын халықаралық аккредиттеу (бағалау) мақсатында өзін-өзі бағалау мен құжаттар пакетін дайындау бойынша жұмыс жүргізді.

IAAR-дың 2023 жылға арналған Даму стратегиясының маңызды міндеттерінің бірі ENQA постмониторингінен (follow-up) өту болып табылады (5.1.9 міндет). Оны сәтті шешу үшін 2023 жылдың ақпанында кейінгі рәсімдер шеңберінде ENQA сарапшыларының ұсынымын орындау жөніндегі іс-шаралар Жоспары әзірленіп, бекітілді. Осы іс-шаралар Жоспарына сәйкес, мысалы, студентке бағдарланған оқыту мәселелері бойынша тақырыптық талдау жүргізілді. 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында жұмыс тобы ENQA іс-шаралар Жоспарын орындау және IAAR постмониторингі бойынша IAAR есебін дайындау бойынша жұмыс жүргізді. Нәтижесінде ұжым ENQA сарапшыларының ұсынымдарын орындау бойынша қорытынды есепті ағылшын тілінде дайындады. ENQA сарапшыларының ұсынымдарын орындау бойынша IAAR есебі ENQA хатшылығына жіберілді, ал ENQA сарапшыларының кейінгі рәсімдер шеңберіндегі сапарын хатшылық 2024 жылға жоспарлады.

2023 жылы Агенттік қызметкерлері Odesa National Medical University Халықаралық конференциясының (2023 ж. 18–20 қаңтар); ASIIN халықаралық семинарының (2023 жылғы 5 сәуір); ENQA мүшелерінің Форумы 2023-тің (Тбилиси қ., Грузия, 2023 жылғы 19–21 сәуір); Академиялық ранжирлеу және үздіктік жөніндегі халықаралық обсерватория (IREG) ұйымдастырған «Рейтингтер және университеттің халықаралық экспозициясы» IREG 2023 халықаралық конференциясының (Ташкент қ., Өзбекстан, 2023 жылғы 26–28 сәуір); INQAANE 2023 халықаралық конференциясының (Астана қ., 2023 жылғы 29 мамыр — 1 маусым); 8-ші Медициналық білім беру жөніндегі халықаралық конференцияның (ICME) (Баку қ., Әзербайжан, 2023 жылғы 7–10 қазан); Малайзия біліктілік агенттігінің (MQA) халықаралық конференциясының (2023 жылғы 7–8 қараша, Кота-Кинабалу қ., Малайзия);

APQN халықаралық конференциясының (2023 жылғы 2–4 қараша, Дакка қ., Бангладеш) және т.б. жұмысына қатысты.

Халықаралық және зерттеу жобаларына қатысу. IAAR жоғары білімнің қолжетімділігін кеңейту және интернационалдануын дамыту мақсатында жобаларға, оның ішінде Erasmus+ жобаларына қатысады.

2023 жылғы 14 қаңтарда Erasmus+ SAGRIS жобасы аяқталды. 2023 жылдың ақпанында IAAR 3 жылдық жұмыс үшін қорытынды есеп дайындап, жоба бойынша қорытынды есепті қалыптастыру және оны Еврокомиссияға тексеруге жіберу үшін грантхолдерге жіберді.

2022 жылдың аяғынан бастап серіктес университеттерде — И. Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университетінде (ҚМТУ) (Бішкек қ., Қырғыз Республикасы), К.И. Скрябин атындағы Қырғыз ұлттық аграрлық университетінде (ҚҰАУ) (Бішкек қ., Қырғыз Республикасы), Тәжікстан технологиялық университетінде (ТТУ) (Душанбе қ., Тәжікстан Республикасы) тамақ технологиялары саласындағы білім беру бағдарламаларын халықаралық бағдарламалық аккредиттеу қызметін орындауға GIZ № 20.2212.7-002.00 «Орталық Азиядағы экономикалық өсу секторлары үшін кәсіптік білім беру» (PECA) жобасын іске асыру басталды.

Осы жоба шеңберінде 2023 жылы серіктес университеттерде білім беру бағдарламаларын халықаралық бағдарламалық аккредиттеу рәсімін жүргізу жөніндегі Жол карталары әзірленіп, бекітілді. Университеттер бағдарламалық аккредиттеуге өтінім берді, IAAR ЖОО-лардың жауапты қызметкерлеріне бағдарламаларды аккредиттеу стандарттары мен рәсімін (ESG негізінде) түсіндіру үшін білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредиттеудің теориясы, әдіснамасы мен техникасы бойынша оқыту семинар-тренингтерін өткізді. Әрі қарай серіктес университеттер білім беру бағдарламаларының Өзін-өзі бағалау есептерін тексеруге дайындап, ұсынды, олар СЭК сарапшыларына рецензияға жіберілді. 2023 жылы СЭК сапарларының нәтижелері бойынша Аккредиттеу кеңесі серіктес ЖОО-лардың білім беру бағдарламаларын 3–5 жыл мерзімге аккредиттеу туралы шешім қабылдады.

2023 жылы IAAR Erasmus+ «Қазақстанда дуальды білім берумен агроэкология бойынша бакалавриат бағдарламасын дамыту (AGROKAZ)» жобасындағы жұмысын жалғастырды, онда әзірленген бағдарламаны одан әрі аккредиттеумен қауымдастырылған серіктес ретінде қатысады.

IAAR-дың халықаралық жобаларға қатысуы халықаралық академиялық қауымдастықпен тығыз өзара әрекеттесуге, ұлттық және шетелдік ЖОО-лармен белсенді жұмыс істеуге мүмкіндік береді, бұл білім беру қызметтерінің

сапасын қамтамасыз етуге және халықаралық ынтымақтастық көкжиегін кеңейтуге оң әсер етеді.

IAAR-дың Erasmus+ Бағдарламасының халықаралық жобаларына қатысуын кеңейту мақсатында жаңа жобаларға тұрақты мониторинг жүзеге асырылады және Эрасмус+ Бағдарламасына қатысу үшін Агенттіктің ақпараты мен профилі жіберілді (EU Login кабинеті — Еуропалық комиссияның аутентификация қызметі); барлық әлеуетті серіктестерге жіберілген PIF (Partner Identification Form) жасалды.

Осылайша, 2023 жылы Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі ұжымы, оның ішінде жетекші серіктестермен — халықаралық желілермен және шетелдік аккредиттеу агенттіктерімен кең ынтымақтастық, жоғары білім сапасын қамтамасыз ету саласындағы түрлі халықаралық іс-шараларға белсенді қатысу, халықаралық зерттеулер мен жобаларды орындау арқылы халықаралық қызметтің сапасын арттырды.

Қызметтің SWOT-талдауы

SWOT-талдау стратегиялық мақсаттарды іске асыруды көрсетеді және IAAR қызметін жыл сайын жоспарлаудың негізі болып қызмет етеді (4-кесте).

4-кесте. SWOT-талдау

S (Strength) — күшті жақтары	W (Weakness) — әлсіз жақтары
<ul style="list-style-type: none">– IAAR-дың Қазақстанда және шетелде танылуы; IAAR-дың сапаны қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық желілер мен қауымдастықтардағы толық мүшелігі;– шетелде халықаралық аккредиттеу жүргізу; шетелдік серіктестермен ынтымақтастық;– IAAR стандарттарын қайта қаралған ESG және WFME стандарттарымен үйлестіру;– Болон процесі шеңберінде стейкхолдерлермен,	<ul style="list-style-type: none">– агенттік қызметкерлерінің ағылшын тілін білу деңгейінің жеткіліксіздігі;– ағылшын тілін талап етілетін деңгейде меңгерген сарапшылар санының жеткіліксіздігі;– электрондық құжат айналымы жүйесінің болмауы;– жұмыс берушілердің кәсіби қауымдастығымен кері байланыстың олардың төмен мүдделілігіне байланысты әлсіз қамтылуы;

<p>мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен ынтымақтастық;</p> <ul style="list-style-type: none"> – аккредиттелген БҰ және/немесе аккредиттелген ББ-лардың СЭК ұсынымдарын іске асыруға мониторинг жүргізу; – СҚІЖ-нің (сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі) жұмыс істеуі; – медициналық және фармацевтикалық білім беруді аккредиттеудің ұлттық жүйесін дамыту жөніндегі іс-шараларда WFME қолдауы; – IAAR-дың білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық Форумды жыл сайын өткізуі; IAAR-дың кәсіби ұжымы; – кәсіби және құзыретті сарапшылардың кең базасының болуы; – EQAR қайта аудитінен сәтті өту және мәртебені растау; – ұлттық және халықаралық деңгейде тәуелсіз рейтингтік зерттеулер жүргізу; IAAR EUR халықаралық рейтингін жүргізу; – жұртшылықты тұрақты және уақытылы хабардар ету. 	<ul style="list-style-type: none"> – ТЖКБ жөніндегі шетелдік агенттіктермен әріптестіктің жеткіліксіз дамуы.
<p>О (Opportunity) — қолайлы мүмкіндіктер</p> <ul style="list-style-type: none"> – білім беру саласындағы заңнамадағы өзгерістер мен 	<p>Т (Threat) — қауіптер</p> <ul style="list-style-type: none"> – елдегі және әлемдегі қаржы-экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы;

<p>толықтырулар, бұл Қазақстан мен бірқатар шетел мемлекеттері ЖОО-ларының сапасын бағалауда жаңа мүмкіндіктер ашады;</p> <ul style="list-style-type: none"> – IAAR-ды сапаны қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық желілердің қолдауы; – шетелдік ЖОО-лар тарапынан IAAR қызметіне қызығушылықтың өсуі; – ұлттық, еуропалық және халықаралық білім беру және зерттеу ресурстарына қол жеткізу; – сапаны қамтамасыз ету процестерін іске асыру үшін IT-технологиялардың, ЖжЖОКБ цифрлық архитектурасы мүмкіндіктерінің болуы мен пайдаланылуы, бұл процестердің тиімділігін жақсартуға көмектеседі. 	<ul style="list-style-type: none"> – төтенше жағдайлар (эпидемиялар, COVID-19 пандемиясы, техногендік сипаттағы және табиғи құбылыстардың қаупі, әскери іс-қимылдар); – аккредиттеу саласындағы өсіп келе жатқан бәсекелестік (оның ішінде адал емес); – білім беру ұйымдарының білім беру қызметінде жұмыс берушілердің белсенділігінің жеткіліксіздігі.
--	--

SWOT-талдау күшті және әлсіз жақтардың, бар мүмкіндіктер мен қауіптердің өзара ықпалы мен әрекетін айқындауға; Агенттіктің бәсекелік позицияларын күшейтуге мүмкіндік беретін болашағы бар және басым даму бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді және IAAR қызметін 2024 жылға жоспарлаудың негізі болып қызмет етеді.

Қорытынды

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі танылған халықаралық агенттік ретінде 2023 жыл ішінде Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның 15 мемлекетінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, кәсіптік және техникалық, орта білім беру (халықаралық мектептер) және қосымша білім беру сапасын сыртқы қамтамасыз ету бойынша елеулі нәтижелерге қол жеткізді.

IAAR тұрақты негізде аккредиттеу түрлері бойынша сыртқы бағалау әдіснамасын жаңартады, кері байланысты дамыту негізінде БҰ білім беру қызметіне тұрақты мониторинг, бағалау және талдау жүргізеді; сапаны қамтамасыз ету және сапа мәдениеті саласындағы үздік тәжірибені халықаралық және ұлттық деңгейде анықтайды, жинақтайды және таратады, жұртшылықты өз қызметі туралы жүйелі хабардар етеді, бұл жекелеген білім беру ұйымдарында да, тұтастай ұлттық білім беру жүйелерінде де сапалы институционалдық өзгерістерге ықпал етеді.

2023 жылы аккредиттеу қызметінің шеңберін кеңейту (жаңа білім беру ұйымдары мен мемлекеттерде — Доминикан Республикасы, Палестина, Армения — алғаш рет халықаралық аккредиттеу жүргізілді), сарапшылар мен агенттік қызметкерлерінің сапалық әлеуетін нығайту, IAAR базасында CEENQA Бас Ассамблеясы 2023 сәтті өткізу және т.б. IAAR-дың аккредиттеу қызметтерінің халықаралық нарығындағы беделі мен ықпалын арттыруға мүмкіндік берді.

2023 жылы рейтингтер жүргізу кезінде Агенттік белгілі бір қиындықтарға тап болды. Атап айтқанда, рейтингтерге қатысушылар санының азаюы байқалды, бұл бәсекелестік ортаның кеңеюімен және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ұлттық рейтингін енгізумен, сондай-ақ Ресей мен Украина арасындағы әскери-саяси қақтығыстың жалғасуына байланысты IAAR Халықаралық рейтингіне қатысқан РФ мен Украина ЖОО-ларының жалпы санының азаюымен, сондай-ақ ЖОО-лардың басқа халықаралық (әлемдік) рейтингтерге көбірек бағдарлануымен байланысты.

IAAR-дың 2024 жылғы халықаралық қызметін дамыту перспективалары IAAR-дың 2022–2026 жылдарға арналған Даму стратегиясында айқындалған негізгі міндеттерді іске асырумен, халықаралық аккредиттеу жүргізу географиясын одан әрі кеңейтумен, IAAR-дың білім беру сапасын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі түрлі халықаралық жобаларға қатысуымен, ENQA постмониторингінен (follow-up) өтуімен байланысты.

2024 жылы жаңа елдерді қамти отырып, сапаны қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ынтымақтастық аясын кеңейту және басқа халықаралық агенттіктермен қызметкерлермен алмасу мүмкіндіктерін жасау, сондай-ақ IAAR-дың әлемнің жаңа өңірлеріндегі танылуы мен белсенділігін арттыру жоспарлануда.